

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Бейсебай П.Б.

**МАТЕМАТИКА 2 ПӘНІНЕН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ
ҮЛГІЛЕРІ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЖИНАҒЫ**

Оқу құралы

«Alash Book» баспасы

Алматы

2026

1

ӘОЖ 51
КБЖ 22.1
Б38

Оқу құралы Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің отырысында басылымға ұсынылды (хаттама №15, 27.02.2025 ж.)

Пікір жазғандар:

Адамов А.А. – физика-математика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Математикалық және компьютерлік үлгілеу» кафедрасының профессоры;

Рысбайұлы Б. – физика-математика ғылымдарының докторы, Astana IT University-нің Есептеу және деректер кафедрасының профессоры;

Мұхамедиев Ғ.Х. – физика-математика ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті математика кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

Бейсебай П.Б.

Б38 Математика 2 пәнінен тест тапсырмаларын орындау үлгілері, әдістері және жинағы: оқу құралы. – Алматы, «Alash Book», 2026. – 470 б.

ISBN 978-601-383-310-1

Оқу құралы «Математика 2» пәндері бағдарламасы негізінде 6B06306 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», 6B07102 - «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша және басқа да педагогикалық, инженер-техникалық мамандықтарда оқитын білім алушыларға арналып, қазақ тілінде жазылған.

Аталған жұмыста берілген теориялық мағлұматтар, әрбір мысалдардың толық сарапталған шешімдері студенттердің «Математика 2» пәндерінен білім сапасын, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттілігін, қорытынды бақылау түрлеріне даярлықтарын арттыруға арналған.

ӘОЖ 51
КБЖ 22.1

Бұл басылымға барлық құқықтар «Alash Book» баспасы мен авторға тиесілі. Авторлық құқық иесінің келісімінсіз кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынады (келісім-шарт №177)

ISBN 978-601-383-310-1

© Бейсебай П.Б., 2026
© «Alash Book», 2026

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	4
1	Көп айнымалы функциялар. Еселі интегралдар (теориялық сұрақтар).....	6
2	Дифференциалдық теңдеулер (теориялық сұрақтар).....	25
3	Қатарлар (теориялық сұрақтар).....	40
4	Екі айнымалы функцияның дербес туындылары.....	55
5	Бетке жүргізілген жанама жазықтық пен нормаль теңдеулері.....	71
6	Екі айнымалы функцияны экстремумдері.....	91
7	Екі еселі интегралдарды есептеу.....	109
8	Қисық сызықты интегралдар.....	122
9	Айнымалысы ажыратылатын бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер.....	138
10	Біртекті бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер.....	154
11	Сызықтық бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер.....	174
12	Толық дифференциалдық теңдеулер.....	194
13	Реті төмендетілетін дифференциалдық теңдеулер.....	212
14	Біртекті тұрақты коэффициентті екінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеулер.....	235
15	Біртексіз тұрақты коэффициентті екінші ретті дифференциалдық теңдеулер.....	256
16	Сан қатарының қосындысы.....	283
17	Оң қатарлардың жинақтылық белгілері.....	306
18	Таңбасы ауыспалы қатарлардың жинақтылығы.....	328
19	Дәрежелік қатардың жинақтылық облысы.....	343
20	Функцияны Маклорен қатарына жіктеу.....	363
21	Ықтималдықтар теориясының элементтері (теориялық сұрақтар).....	382
22	Ықтималдықтың классикалық және геометриялық анықтамалары.....	397
23	Ықтималдықтың қосу/ көбейту теоремалары және тым болмағанда бір оқиғаның пайда болу ықтималдығы.....	417
24	Толық ықтималдық және Байес формуласы.....	434
25	Бернулли, Пуассон формулалары, Лаплас теоремалары және ең ықтимал сан.....	453
	Әдебиеттер.....	469

КІРІСПЕ

Заман талабына сай педагогикалық, техникалық мамандарды даярлауда әрбір оқу пәнінің өзіндік орны ерекше, соның ішінде математикалық білімнің маңызы өте зор. Студенттер жалпы теориялық және арнайы инженерлік пәндерді меңгеруі үшін инженерлік есептерді орындауда тәжірибе жинақтай келе, іргелі ғылымдар жетістіктерін пайдаланып, химия, физика, сызба геометриясының негіздерімен танысып, математикалық ойлау қабілеті мен логикасын дамытуы тиіс.

Математикалық білім бере отырып алдымызға қояр негізгі мақсатымыз – бүгінгі таңда өмір, қоғам талабына сай кәсіби мамандық алуына қажетті белгілі математикалық білім жүйесін қолдана білетін, экономикалық, нарықтық қатынасты тереңнен түсінетін, жаңаша ойлау қабілеті бар, саяси ахуалды, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Математика 2 пәнінен тест тапсырмаларын орындау үлгілері, әдістері және жинағы» оқу құралы «Математика», «Математика 2» пәндерінің бағдарламасына және математика бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жазылып, көп айнымалы функциялар, еселі интегралдар, дифференциалдық теңдеулер, қатарлар теориясы, ықтималдықтар теориясы элементтері тарауларын қамтиды.

Ұсынылып отырған оқу құралының 1-3, 21 тараулары «Математика», «Математика 2» пәндерінің мазмұнын толық қамтитын теориялық сұрақтардан және 4-20, 22-25 тараулары тест есептерінен құралған, әрі әр тарауда 50 сұрақтан берілген, оның тек бір жауабы дұрыс деп саналады.

Кредиттік технология жүйесімен оқытуда студенттердің өзіндік жұмысына көп сағат бөлінген. Студент өзінің алған теориялық білімін практикада, өзіндік жұмыстарды орындауға қолдана білуі тиіс.

Жоғары оқу орындарына арналған жоғары математика пәні бойынша қазақ тілінде жарық көрген дәрістер және тәжірибелік жаттығулар жинағы бар болғанымен, өзіндік жұмыстарды орындауға арналған есептер жинағы жоқтың қасы. Әрі бұл оқу құралы үлгерімі төмен немесе белгілі себептермен сабақ босатқан немесе үлгерімі бойынша қосымша семестрге қалдырылған

студенттер үшін де өте ыңғайлы құрал. Көбінесе орыс тілінде басылған оқулықтар қолданылып келді. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілге, оның ішінде ұлттық ғылыми тілді қалыптастыру қажеттілігі мемлекеттік деңгейге көтерілген кезде, оқулықтардың қай түрі болмасын мемлекеттік тілде жазылуы тиіс.

Сондықтанда бұл оқу құралы педагогикалық, инженер-техникалық мамандықтарда оқитын білім алушыларға арналып шығарылып отыр.

Автор ұсынған оқу құралын оқып шығып, өзінің сын-пікірлерін білдірген оқытушы - ғалымдарға, атап айтсақ, физика-математика ғылымдарының докторлары, профессор А.А. Адамовқа, Б. Рысбайұлына және физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Ғ.Х. Мұхамедиевке өз ризашылықтарын білдіреді.

1 КӨП АЙНЫМАЛЫ ФУНКЦИЯЛАР. ЕСЕЛІ ИНТЕГРАЛДАР

Бұл тараудағы теориялық сұрақтар «Математика 2» пәнінің «Көп айнымалы функциялар», «Еселі интегралдар» тарауларының тақырыптарын қамтиды. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған теориялық сұрақтар берілген.

1.1 Тест тапсырмалары

1. $z = f(x; y)$ функциясының y айнымалысы бойынша екінші ретті дербес туындысының анықтамасын көрсетіңіз.

A) $\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \left(\frac{\partial z}{\partial y} \right)^2$

B) $\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \frac{\partial}{\partial y} \left(\frac{\partial z}{\partial y} \right)$

C) $\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \frac{\partial}{\partial y} \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)$

D) $\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \frac{\partial z}{\partial y} \cdot \frac{\partial y}{\partial x}$

E) $\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = 2 \frac{\partial z}{\partial y}$

2. $z = f(x; y)$ бетіне $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесі арқылы жүргізілген жанама жазықтықтың теңдеуін көрсетіңіз.

A) $f'_x(x_0; y_0)(x - x_0) + f'_y(x_0; y_0)(y - y_0) + (z - z_0) = 0$

B) $f'_x(x_0; y_0)(x - x_0) + f'_y(x_0; y_0)(y - y_0) + f'_z(z - z_0) = 0$

C) $\frac{x - x_0}{f'_x(x_0; y_0)} = \frac{y - y_0}{f'_y(x_0; y_0)} = \frac{z - z_0}{-1}$

D) $f'_x(x_0; y_0)(x - x_0) + f'_y(x_0; y_0)(y - y_0) - (z - z_0) = 0$

E) $\frac{x - x_0}{f'_x(x_0; y_0)} + \frac{y - y_0}{f'_y(x_0; y_0)} + \frac{z - z_0}{-1} = 0$

3. $z = f(x; y)$ бетіне осы бетте жатқан $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесі арқылы жүргізілген нормальдің теңдеуін көрсетіңіз.

A) $f'_x(x_0; y_0)(x - x_0) + f'_y(x_0; y_0)(y - y_0) + (z - z_0) = 0$

B) $f'_x(x_0; y_0)(x - x_0) + f'_y(x_0; y_0)(y - y_0) + f'_z(z - z_0) = 0$

C) $\frac{x - x_0}{f'_x(x_0; y_0)} = \frac{y - y_0}{f'_y(x_0; y_0)} = \frac{z - z_0}{-1}$

D) $f'_x(x_0; y_0)(x - x_0) + f'_y(x_0; y_0)(y - y_0) - (z - z_0) = 0$

E) $\frac{x - x_0}{f'_x(x_0; y_0)} + \frac{y - y_0}{f'_y(x_0; y_0)} + \frac{z - z_0}{-1} = 0$

4. $F(x; y; z) = 0$ бетіне осы бетте жатқан $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесі арқылы жүргізілген жанама жазықтықтың теңдеуін көрсетіңіз:

A) $F'_x(x_0; y_0; z_0)(x - x_0) + F'_y(x_0; y_0; z_0)(y - y_0) - (z - z_0) = 0$

B) $F'_x(x_0; y_0; z_0)(x - x_0) + F'_y(x_0; y_0; z_0)(y - y_0) + F'_z(x_0; y_0; z_0)(z - z_0) = 0$

C) $\frac{x - x_0}{F'_x(x_0; y_0; z_0)} = \frac{y - y_0}{F'_y(x_0; y_0; z_0)} = \frac{z - z_0}{-1}$

D) $F'_x(x_0; y_0; z_0)(x - x_0) + F'_y(x_0; y_0; z_0)(y - y_0) + (z - z_0) = 0$

E) $\frac{x - x_0}{F'_x(x_0; y_0; z_0)} + \frac{y - y_0}{F'_y(x_0; y_0; z_0)} + \frac{z - z_0}{F'_z(x_0; y_0; z_0)} = 0$

5. $F(x; y; z) = 0$ бетіне осы бетте жатқан $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесі арқылы жүргізілген нормальдің теңдеуін көрсетіңіз.

A) $F'_x(x_0; y_0; z_0)(x - x_0) + F'_y(x_0; y_0; z_0)(y - y_0) - (z - z_0) = 0$

B) $F'_x(x_0; y_0; z_0)(x - x_0) + F'_y(x_0; y_0; z_0)(y - y_0) + F'_z(x_0; y_0; z_0)(z - z_0) = 0$

C) $\frac{x - x_0}{F'_x(x_0; y_0; z_0)} = \frac{y - y_0}{F'_y(x_0; y_0; z_0)} = \frac{z - z_0}{F'_z(x_0; y_0; z_0)}$

D) $F'_x(x_0; y_0; z_0)(x - x_0) + F'_y(x_0; y_0; z_0)(y - y_0) + (z - z_0) = 0$

E) $\frac{x - x_0}{F'_x(x_0; y_0; z_0)} + \frac{y - y_0}{F'_y(x_0; y_0; z_0)} + \frac{z - z_0}{F'_z(x_0; y_0; z_0)} = 0$

6. $F(x; y; z) = 0$ айқындалмаған түрінде берілген $z(x; y)$ функцияның

z'_x дербес туындысының формуласын көрсетіңіз.

A) $z'_x = \frac{F'_x}{F'_z}$

B) $z'_x = -\frac{F'_x}{F'_y}$

C) $z'_x = -\frac{F'_z}{F'_x}$

D) $z'_x = -\frac{F'_x}{F'_z}$

E) $z'_x = -F'_x \cdot F'_z$

7. $F(x; y; z) = 0$ айқындалмаған түрінде берілген $z(x; y)$ функциясының z'_y дербес туындысының формуласын көрсетіңіз.

A) $z'_y = \frac{F'_y}{F'_z}$

B) $z'_y = -\frac{F'_x}{F'_y}$

C) $z'_y = -\frac{F'_z}{F'_y}$

D) $z'_y = -\frac{F'_y}{F'_z}$

E) $z'_y = -F'_y \cdot F'_z$

8. $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде дифференциалданатын $z = f(x; y)$ функциясының осы нүктеде экстремумы болының қажетті шартын көрсетіңіз.

A)
$$\begin{cases} \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)_{M_0} = 0 \\ \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2} \right)_{M_0} = 0 \end{cases}$$

$$\text{B) } \begin{cases} \left(\frac{\partial z}{\partial x}\right)_{M_0} = 0 \\ \left(\frac{\partial z}{\partial y}\right)_{M_0} = 0 \end{cases}$$

$$\text{C) } \begin{cases} \left(\frac{\partial z}{\partial x}\right)_{M_0} = 1 \\ \left(\frac{\partial z}{\partial y}\right)_{M_0} = 1 \end{cases}$$

$$\text{D) } \begin{cases} \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2}\right)_{M_0} = 0 \\ \left(\frac{\partial^2 z}{\partial y^2}\right)_{M_0} = 0 \end{cases}$$

$$\text{E) } \begin{cases} \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2}\right)_{M_0} = 1 \\ \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y}\right)_{M_0} = 1 \end{cases}$$

9. $z = f(x; y)$ функциясы және оның дербес туындылары $z'_x(x; y), z'_y(x; y)$ стационарлық $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде үзіліссіз,

$$A = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2}\right)_{M_0}, C = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial y^2}\right)_{M_0}, B = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y}\right)_{M_0} \text{ және } \Delta = A \cdot C - B^2.$$

$M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде минимум болады, егер де

$$\text{A) } \begin{cases} \Delta < 0 \\ A > 0 \end{cases}$$

$$\text{B) } \begin{cases} \Delta < 0 \\ A = 0 \end{cases}$$

$$\text{C) } \begin{cases} \Delta > 0 \\ A > 0 \end{cases}$$

- D) $\begin{cases} \Delta > 0 \\ A < 0 \end{cases}$
 E) $\begin{cases} \Delta < 1 \\ A = 0 \end{cases}$

10. $z = f(x; y)$ функциясы және оның дербес туындылары $z'_x(x; y)$, $z'_y(x; y)$ стационарлық $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде үзіліссіз,

$$A = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2} \right)_{M_0}, C = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} \right)_{M_0}, B = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y} \right)_{M_0} \text{ және } \Delta = A \cdot C - B^2.$$

$M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде максимум болады, егер де

- A) $\begin{cases} \Delta < 0 \\ A > 0 \end{cases}$
 B) $\begin{cases} \Delta < 0 \\ A = 0 \end{cases}$
 C) $\begin{cases} \Delta > 0 \\ A > 0 \end{cases}$
 D) $\begin{cases} \Delta > 0 \\ A < 0 \end{cases}$
 E) $\begin{cases} \Delta < 1 \\ A = 0 \end{cases}$

11. $z = f(x; y)$ функциясының толық өсімшесін көрсетіңіз.

- A) $\Delta z = f(x + \Delta x; y) - f(x; y)$
 B) $\Delta z = f(x; y + \Delta y) - f(x; y)$
 C) $\Delta z = f(x + \Delta x; y + \Delta y) - f(x; y)$
 D) $\Delta z = \Delta_x z + \Delta_y z$
 E) $\Delta z = f(x + \Delta x; y + \Delta y) + f(x; y)$

12. $z = f(x; y)$ функциясының y айнымалысы бойынша дербес туындысының анықтамасын көрсетіңіз.

A) $\frac{\partial z}{\partial y} = \lim_{\Delta y \rightarrow 0} \frac{\Delta z}{\Delta y}$

$$B) \frac{\partial z}{\partial y} = \lim_{\Delta y \rightarrow 0} \frac{\Delta_x z}{\Delta y}$$

$$C) \frac{\partial z}{\partial y} = \lim_{\Delta y \rightarrow 0} \frac{\Delta_x z}{\Delta x}$$

$$D) \frac{\partial z}{\partial y} = \lim_{\Delta y \rightarrow 0} \frac{\Delta y}{\Delta z}$$

$$E) \frac{\partial z}{\partial y} = \lim_{\Delta y \rightarrow 0} \frac{\Delta_y z}{\Delta y}$$

13. $z = f(x; y)$ функциясының x айнымалысы бойынша дербес туындысының анықтамасын көрсетіңіз.

$$A) \frac{\partial z}{\partial x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta z}{\Delta x}$$

$$B) \frac{\partial z}{\partial x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta_x z}{\Delta x}$$

$$C) \frac{\partial z}{\partial x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta x}{\Delta z}$$

$$D) \frac{\partial z}{\partial x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta z}{x}$$

$$E) \frac{\partial z}{\partial x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta_y z}{\Delta x}$$

14. $z = f(x; y)$ функциясының x айнымалысы бойынша екінші ретті дербес туындысының анықтамасын көрсетіңіз.

$$A) \frac{\partial^2 z}{\partial x^2} = \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)^2$$

$$B) \frac{\partial^2 z}{\partial x^2} = \frac{\partial}{\partial x} \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)$$

$$C) \frac{\partial^2 z}{\partial x^2} = \frac{\partial}{\partial y} \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)$$

$$D) \frac{\partial^2 z}{\partial x^2} = \frac{\partial z}{\partial x} \cdot \frac{\partial z}{\partial y}$$

$$E) \frac{\partial^2 z}{\partial x^2} = 2 \frac{\partial z}{\partial x}$$

15. $z = f(x; y)$ функциясының екінші ретті аралас туындысының анықтамасын көрсетіңіз.

$$A) f''_{xy} = f''_x \cdot f''_y$$

$$B) \frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y} = \frac{\partial z}{\partial x} \cdot \frac{\partial z}{\partial y}$$

$$C) \frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y} = \frac{\partial}{\partial x} \left(\frac{\partial z}{\partial y} \right)$$

$$D) \frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y} = \frac{\partial z}{\partial x} + \frac{\partial z}{\partial y}$$

$$E) f''_{xy} = f'_x \cdot f'_y$$

16. $z = f(x; y)$ функциясының x бойынша дербес өсімшесі:

$$A) \Delta_x z = f(x + \Delta x; y) - f(x; y)$$

$$B) \Delta_x z = f(x + \Delta x; y + \Delta y) - f(x; y)$$

$$C) \Delta_x z = f(x; y + \Delta y) - f(x; y)$$

$$D) \Delta_x z = \frac{f(x + \Delta x; y) - f(x; y)}{f(x + \Delta x; y + \Delta y)}$$

$$E) \Delta_x z = \frac{f(x; y + \Delta y) - f(x; y)}{f(x + \Delta x; y + \Delta y)}$$

17. $z = f(x; y)$ функциясының y бойынша дербес өсімшесі:

$$A) \Delta_y z = f(x + \Delta x; y) - f(x; y)$$

$$B) \Delta_y z = f(x + \Delta x; y + \Delta y) - f(x; y)$$

$$C) \Delta_y z = f(x; y + \Delta y) - f(x; y)$$

$$D) \Delta_y z = \frac{f(x + \Delta x; y) - f(x; y)}{f(x + \Delta x; y + \Delta y)}$$

$$E) \Delta_y z = \frac{f(x; y + \Delta y) - f(x; y)}{f(x + \Delta x; y + \Delta y)}$$

18. $z = F(u; v)$, $u = \varphi(x; y)$, $v = \psi(x; y)$ функцияларының барлық аргументтері бойынша дербес туындылары үзіліссіз болсын. Онда

$\frac{\partial z}{\partial x}$ және $\frac{\partial z}{\partial y}$ туындылары келесі формулалармен есептеледі:

- A) $\frac{\partial z}{\partial x} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial x} + \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial x}$; $\frac{\partial z}{\partial y} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial y} + \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial y}$
- B) $\frac{\partial z}{\partial x} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial x} - \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial x}$; $\frac{\partial z}{\partial y} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial y} + \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial y}$
- C) $\frac{\partial z}{\partial x} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial x} + \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial x}$; $\frac{\partial z}{\partial y} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial y} - \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial y}$
- D) $\frac{\partial z}{\partial x} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial x} - \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial x}$; $\frac{\partial z}{\partial y} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial y} - \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial y}$
- E) $\frac{\partial z}{\partial x} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial x} \cdot \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial x}$; $\frac{\partial z}{\partial y} = \frac{\partial F}{\partial u} \frac{\partial u}{\partial y} \cdot \frac{\partial F}{\partial v} \frac{\partial v}{\partial y}$

19. Егер $z = F(x; y; u)$, $y = f(x)$, $u = \psi(x)$ функциясы берілсе, онда толық туындысының формуласы:

- A) $\frac{dz}{dx} = \frac{\partial z}{\partial y} + \frac{\partial z}{\partial y} \frac{dy}{dx} + \frac{\partial z}{\partial u} \frac{du}{dx}$
- B) $\frac{dz}{dx} = \frac{\partial z}{\partial x} + \frac{\partial z}{\partial y} \frac{dy}{dx} + \frac{\partial z}{\partial u} \frac{du}{dx}$
- C) $\frac{dz}{dx} = \frac{\partial z}{\partial u} + \frac{\partial z}{\partial y} \frac{dy}{dx} + \frac{\partial z}{\partial u} \frac{du}{dx}$
- D) $\frac{dz}{dx} = \frac{\partial z}{\partial x} + 2 \frac{\partial z}{\partial y} \frac{dy}{dx} + \frac{\partial z}{\partial u} \frac{du}{dx}$
- E) $\frac{dz}{dx} = \frac{\partial z}{\partial x} + \frac{\partial z}{\partial y} \frac{dy}{dx} + 2 \frac{\partial z}{\partial u} \frac{du}{dx}$

20. $z = f(x; y)$ функциясының U айнымалысы бойынша екінші ретті дербес туындысының анықтамасын көрсетіңіз.

- A) $\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)^2$

$$B) \frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \frac{\partial}{\partial y} \left(\frac{\partial z}{\partial y} \right)$$

$$C) \frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \frac{\partial}{\partial y} \left(\frac{\partial z}{\partial x} \right)$$

$$D) \frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = \frac{\partial z}{\partial x} \cdot \frac{\partial z}{\partial y}$$

$$E) \frac{\partial^2 z}{\partial y^2} = 2 \frac{\partial z}{\partial y}$$

21. $z = f(x; y)$ функциясы және оның дербес туындылары $z'_x(x; y)$, $z'_y(x; y)$ стационарлық $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде үзіліссіз,

$$A = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2} \right)_{M_0}, C = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} \right)_{M_0}, B = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y} \right)_{M_0} \text{ және } \Delta = A \cdot C - B^2.$$

$M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде функция экстремум қабылдамайды, егер де

$$A) \Delta < 0$$

$$B) \Delta > 0$$

$$C) \Delta \leq 0$$

$$D) \Delta \geq 0$$

$$E) \Delta = 0$$

22. $z = f(x; y)$ функциясы және оның дербес туындылары $z'_x(x; y)$, $z'_y(x; y)$ стационарлық $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінде үзіліссіз,

$$A = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x^2} \right)_{M_0}, C = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial y^2} \right)_{M_0}, B = \left(\frac{\partial^2 z}{\partial x \partial y} \right)_{M_0} \text{ және } \Delta = A \cdot C - B^2.$$

Функцияны қосымша зерттеу қажет, егер де

$$A) \Delta < 0$$

$$B) \Delta > 0$$

$$C) \Delta \leq 0$$

$$D) \Delta \geq 0$$

$$E) \Delta = 0$$

23. Егер D анықталу облысы Ox жазықтығына тиісті болса, ал E мәндер облысы Oz өсінде жататын болса, онда ондай екі айнымалы функциялардың жазылымы:

- A) $z = f(x; y; z)$
- B) $z = f(x; y)$
- C) $z = \frac{f(x; y)}{x}$
- D) $z = \frac{f(x; y)}{y}$
- E) $z = \frac{x}{f(x; y)}$

24. Жазықтықтағы $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінің аймағы деп радиусы r , центрі M_0 нүктесі болатын шеңберсіз дөңгелекті айтамыз. Жазықтықта $U_r(M_0)$ аймағы қай теңсіздікпен анықталады?

- A) $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 \leq r^2$
- B) $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 \geq r^2$
- C) $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 = r^2$
- D) $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 < r^2$
- E) $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 > r^2$

25. A саны $z = f(x; y)$ функциясының $(x_0; y_0)$ нүктесіндегі шегі деп аталады, егер әрбір $\varepsilon > 0$ үшін $\delta > 0$ саны табылып, $U_\delta(x_0; y_0)$ аймағындағы барлық $(x; y)$ үшін, осы нүктеден басқа нүктелерде, төмендегі теңсіздік орындалса:

- A) $|f(x, y) - A| > \varepsilon$
- B) $|f(x, y) - A| \leq \varepsilon$
- C) $|f(x, y) - A| < \varepsilon$
- D) $|f(x, y) - A| \geq \varepsilon$
- E) $|f(x, y)| \leq \varepsilon$

26. Егер $z = f(x; y)$ функциясы мен $f'_x, f'_y, f''_{xy}, f''_{yx}$ анықталған және $M(x; y)$ нүктесінде және оның қандай да бір аймағында үзіліссіз болса, онда бұл нүктеде

- A) $f''_{xx} = f''_{yy}$
- B) $f''_{xy} = f''_{yx}$

C) $f'_x = f'_y$

D) $f''_{xx} > f''_{yy}$

E) $f''_{xx} < f''_{yy}$

27. $z = f(x; y)$ функциясының толық дифференциалының белгіленуі:

A) $dz = dx + dy$

B) $dz = \frac{\partial f}{\partial x} + \frac{\partial f}{\partial y}$

C) $dz = \frac{\partial f}{\partial x} dx + \frac{\partial f}{\partial y} dy$

D) $dz = \frac{\partial f}{\partial x} dx + 2 \frac{\partial f}{\partial x} \frac{\partial f}{\partial y} + \frac{\partial f}{\partial y} dy$

E) $dz = \frac{\partial f}{\partial x} dx - 2 \frac{\partial f}{\partial x} \frac{\partial f}{\partial y} + \frac{\partial f}{\partial y} dy$

28. Егер $\lim_{(x,y) \rightarrow (x_0,y_0)} f(x; y)$ шегі, $(x_0; y_0)$ нүктесіндегі функцияның мәні табылса және $\lim_{(x,y) \rightarrow (x_0,y_0)} f(x; y) = f(x_0; y_0)$ болса, онда $z = f(x; y)$ функциясы $(x_0; y_0)$ нүктесінде ... деп аталады.

A) үзіліссіз

B) үзілісті

C) анықталған

D) жинақты

E) жинақсыз

29. Жоғарғы ретті дербес дифференциалдардың есептелуінің формуласын көрсетіңіз.

A) $d^n z = \left(\frac{\partial}{\partial x} dx + \frac{\partial}{\partial y} dy \right) z$

B) $d^n z = \left(\frac{\partial}{\partial x} dx + \frac{\partial}{\partial y} dy \right)^n z$

C) $d^n z = (dx + dy)^n z$

$$D) d^n z = \left(\frac{\partial}{\partial x} + \frac{\partial}{\partial y} \right)^n z$$

$$E) d^n z = \left(\frac{\partial}{\partial x} dx + \frac{\partial}{\partial y} dy \right)$$

30. Егер экстремумның жеткілікті шарты бойынша $A = f''_{xx}(a;b)$, $B = f''_{xy}(a;b)$, $C = f''_{yy}(a;b)$ болса, онда Δ дискриминантының есептелу формуласын көрсетіңіз.

A) $\Delta = AC - B$

B) $\Delta = BC - A^2$

C) $\Delta = AC - B^2$

D) $\Delta = AC + B^2$

E) $\Delta = B^2 - AC$

31. Жазықтықтағы радиусы r болатын $M_0(x_0; y_0)$ нүктесінің аймағы $U_r(M_0)$ деп радиусы r , центрі M_0 нүктесі болатын $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 < r^2$ теңсіздігімен анықталатын ... айтамыз.

A) сферасыз шарды

B) шарды

C) дөңгелекті

D) шеңберсіз дөңгелекті

E) шеңберді

32. Кеңістіктегі радиусы r болатын $M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесінің аймағы $U_r(M_0)$ деп радиусы r , центрі M_0 нүктесі болатын $(x - x_0)^2 + (y - y_0)^2 + (z - z_0)^2 < r^2$ теңсіздігімен анықталатын ... айтамыз.

A) шеңберді

B) шарды

C) дөңгелекті

D) шеңберсіз дөңгелекті

E) сферасыз шарды

33. Оху декарт координаталар жазықтығында берілген D облысының ауданын есептеу формуласын көрсетіңіз.

A) $S = 2 \iint_D dx dy$

- B) $S = \iint_D x dx dy$
 C) $S = \iint_D y dx dy$
 D) $S = \iint_D dx dy$
 E) $S = \frac{1}{2} \iint_D xy dx dy$

34. $J = \iint_D f(x; y) dx dy$ екі еселі интегралында полярлық координаталарға көшу формуласын көрсетіңіз.

- A) $J = - \iint_D f(x; y) \rho \sin \varphi \rho \cos \varphi d\rho d\varphi$
 B) $J = - \iint_D f(\rho \cos \varphi; \rho \sin \varphi) \rho \sin \varphi \rho \cos \varphi d\rho d\varphi$
 C) $J = \iint_D f(\rho \cos \varphi; \rho \sin \varphi) d\rho d\varphi$
 D) $J = \iint_D f(\rho \cos \varphi; \rho \sin \varphi) \rho d\rho d\varphi$
 E) $J = \iint_D f(\rho; \varphi) d\rho d\varphi$

35. D облысының ауданын полярлық координаталарда есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $S = \iint_D d\rho d\varphi$
 B) $S = \iint_D \rho \cos \varphi \cdot \rho \sin \varphi d\rho d\varphi$
 C) $S = \iint_D \rho^2 \sin \varphi d\rho d\varphi$
 D) $S = \iint_D \rho d\rho d\varphi$
 E) $S = \frac{1}{2} \iint_D \rho^2 d\rho d\varphi$

36. $T = \{(x; y; z): 0 \leq x \leq a; 0 \leq y \leq b; 0 \leq z \leq c\}$ тік параллелепипедінің көлемін есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $\int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c dz$

$$B) \int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c x dz$$

$$C) \int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c y dz$$

$$D) \int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c z dz$$

$$E) \int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c xyz dz$$

37. Екі еселі интегралдың қасиетін көрсетіңіз.

$$A) \iint_D (f(x; y) + g(x; y)) dx dy = \iint_D f(x; y) dx dy - \iint_D g(x; y) dx dy$$

$$B) \iint_D (f(x; y) \pm g(x; y)) dx dy = \iint_D f(x; y) dx dy \pm \iint_D g(x; y) dx dy$$

$$C) \iint_D (f(x; y) \cdot g(x; y)) dx dy = \iint_D f(x; y) dx dy \cdot \iint_D g(x; y) dx dy$$

$$D) \iint_D (f(x; y) \pm g(x; y)) dx dy = f(x; y) \iint_D dx dy \pm g(x; y) \iint_D dx dy$$

$$E) \iint_D (f(x; y) \cdot g(x; y)) dx dy = g(x; y) \iint_D f(x; y) dx dy$$

38. Екі еселі интегралдардың қасиетін көрсетіңіз.

$$A) \iint_D (f(x; y) + c) dx dy = c \cdot \iint_D f(x; y) dx dy, \quad c = const$$

$$B) \iint_D c \cdot f(x; y) dx dy = \iint_D f(x; y) dx dy + c, \quad c = const$$

$$C) \iint_D c \cdot f(x; y) dx dy = c \iint_D f(x; y) dx dy, \quad c = const$$

$$D) \iint_D c \cdot f(x; y) dx dy = c \cdot f(x; y) \iint_D dx dy, \quad c = const$$

$$E) \iint_D c \cdot f(x; y) dx dy = f(x; y) \iint_D c dx dy, \quad c = const$$

39. Тығыздығы $\mu(x; y; z)$ болатын T денесінің массасын есептеу формуласын көрсетіңіз.

$$A) m = \iiint_T z \mu(x; y; z) dx dy dz$$

$$B) m = \iiint_T x \mu(x; y; z) dx dy dz$$

- C) $m = \iiint_T y\mu(x; y; z)dxdydz$
 D) $m = \iiint_T \mu(x; y; z)dxdydz$
 E) $m = \iiint_T xyzdxdydz$

40. $T = \{(x; y; z): 0 \leq x \leq a; 0 \leq y \leq b; 0 \leq z \leq c\}$ облысы бойынша $\iiint_T f(x; y; z)dxdydz$ үш еселі интегралын есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $\int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c xyzdz$
 B) $\int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c xf(x; y; z)dz$
 C) $\int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c yf(x; y; z)dz$
 D) $\int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c zf(x; y; z)dz$
 E) $\int_0^a dx \int_0^b dy \int_0^c f(x; y; z)dz$

41. Тығыздығы $\mu(x; y)$ болатын $D = \{(x; y): a \leq x \leq b; y_1(x) \leq y \leq y_2(x)\}$ жазық фигурасының массасын есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $m = \iint_D \mu(x; y)dxdy$
 B) $m = \iint_D x\mu(x; y)dxdy$
 C) $m = \iint_D y\mu(x; y)dxdy$
 D) $m = \iint_D dxdy$
 E) $m = \frac{1}{2} \iint_D xydxdy$

42. Охуз декарт координаталар кеңістігінде берілген T денесінің көлемін есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $V = \iiint_T x dx dy dz$
 B) $V = \iiint_T dx dy dz$
 C) $V = \iiint_T y dx dy dz$
 D) $V = \iiint_T xyz dx dy dz$
 E) $V = \frac{1}{2} \iint_D xy dx dy$

43. Егер (P) облысында $f(x; y)$ функциясы x және y бойынша үзіліссіз дербес туындылары болса, онда $z = f(x; y)$ бетінің xOy жазықтығына (P) проекциясымен алынған ауданы неге тең?

- A) $\sigma = \iint_{(P)} \sqrt{1 + [f''_{xx}]^2 + [f''_{yy}]^2} dx dy$
 B) $\sigma = \iint_{(P)} \sqrt{1 + [f'_x]^2 + [f'_y]^2} dx dy$
 C) $\sigma = \iint_{(P)} \sqrt{1 + [f''_{xx}]^2 + [f''_{yy}]^2} dx dy$
 D) $\sigma = \iint_{(P)} \sqrt{1 + [f''_{xy}]^2 + [f''_{yx}]^2} dx dy$
 E) $\sigma = \iint_{(P)} \sqrt{1 + 2[f'_x]^2 + [f'_y]^2} dx dy$

44. Жазық денелердің өстерге қатысты статистикалық сәтін (моментін) есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $S_x = \iint_{(P)} y^3 \mu(x, y) dx dy, \quad S_y = \iint_{(P)} x^3 \mu(x, y) dx dy$
 B) $S_x = \iint_{(P)} y^2 \mu(x, y) dx dy, \quad S_y = \iint_{(P)} x^2 \mu(x, y) dx dy$
 C) $S_x = \iint_{(P)} x \mu(x, y) dx dy, \quad S_y = \iint_{(P)} y \mu(x, y) dx dy$
 D) $S_x = \iint_{(P)} y \mu(x, y) dx dy, \quad S_y = \iint_{(P)} x \mu(x, y) dx dy$
 E) $S_x = \frac{1}{2} \iint_{(P)} y \mu(x, y) dx dy, \quad S_y = \frac{1}{2} \iint_{(P)} x \mu(x, y) dx dy$

45. Жазық денелердің өстерге қатысты инерциялық сәтін (моментін) есептеу формуласын көрсетіңіз.

$$A) J_x = \frac{1}{3} \iint_{(P)} y^2 \mu(x, y) dx dy, \quad J_y = \frac{1}{3} \iint_{(P)} x^2 \mu(x, y) dx dy$$

$$B) J_x = \iint_{(P)} y \mu(x, y) dx dy, \quad J_y = \iint_{(P)} x \mu(x, y) dx dy$$

$$C) J_x = \iint_{(P)} x^2 \mu(x, y) dx dy, \quad J_y = \iint_{(P)} y^2 \mu(x, y) dx dy$$

$$D) J_x = \iint_{(P)} y^3 \mu(x, y) dx dy, \quad J_y = \iint_{(P)} x^3 \mu(x, y) dx dy$$

$$E) J_x = \iint_{(P)} y^2 \mu(x, y) dx dy, \quad J_y = \iint_{(P)} x^2 \mu(x, y) dx dy$$

46. Статистикалық сәттері S_x, S_y және массасы m жазық денелердің ауырлық центрінің координаталарын табу формуласын көрсетіңіз.

$$A) x_0 = \frac{S_x}{m}, \quad y_0 = \frac{S_y}{m}$$

$$B) x_0 = \frac{S_y}{m}, \quad y_0 = \frac{S_x}{m}$$

$$C) x_0 = \frac{S_x}{m}, \quad y_0 = \frac{S_x}{m}$$

$$D) x_0 = \frac{S_x}{\mu}, \quad y_0 = \frac{S_y}{\mu}$$

$$E) x_0 = 2 \frac{S_x}{m}, \quad y_0 = 2 \frac{S_y}{m}$$

47. Егер D облысы $\theta = \alpha, \theta = \beta$ ($\alpha < \beta$) полюстен шығатын екі сәуле және $\rho = \rho_1(\theta), \rho = \rho_2(\theta)$ қисықтарымен шектелсе, онда екі еселі интеграл келесі формуламен есептеледі:

$$A) \iint_D F(\rho, \theta) \rho d\rho d\theta = \int_{\alpha}^{\beta} d\theta \int_{\rho_1(\theta)}^{\rho_2(\theta)} F(\rho, \theta) \rho d\rho$$

$$B) \iint_D F(\rho, \theta) \rho d\rho d\theta = \frac{1}{2} \int_{\alpha}^{\beta} d\theta \int_{\rho_1(\theta)}^{\rho_2(\theta)} F(\rho, \theta) \rho d\rho$$

$$C) \iint_D F(\rho, \theta) \rho d\rho d\theta = \frac{1}{3} \int_{\alpha}^{\beta} d\theta \int_{\rho_1(\theta)}^{\rho_2(\theta)} F(\rho, \theta) \rho d\rho$$

$$D) \iint_D F(\rho, \theta) \rho d\rho d\theta = \frac{2}{3} \int_{\alpha}^{\beta} d\theta \int_{\rho_1(\theta)}^{\rho_2(\theta)} F(\rho, \theta) \rho d\rho$$

$$E) \iint_D F(\rho, \theta) \rho d\rho d\theta = \frac{1}{4} \int_{\alpha}^{\beta} d\theta \int_{\rho_1(\theta)}^{\rho_2(\theta)} F(\rho, \theta) \rho d\rho$$

48. Массаның $M(x, y, z)$ координаталық центрін есептеу формуласын көрсетіңіз.

$$A) \bar{x} = \frac{M_{xy}}{2m}, \quad \bar{y} = \frac{M_{yz}}{2m}, \quad \bar{z} = \frac{M_{zx}}{2m}$$

$$B) \bar{x} = \frac{M_{xy}}{m}, \quad \bar{y} = \frac{M_{yz}}{m}, \quad \bar{z} = \frac{M_{zx}}{m}$$

$$C) \bar{x} = \frac{M_{yz}}{m}, \quad \bar{y} = \frac{M_{zx}}{m}, \quad \bar{z} = \frac{M_{xy}}{m}$$

$$D) \bar{x} = 2 \frac{M_{yz}}{m}, \quad \bar{y} = 2 \frac{M_{zx}}{m}, \quad \bar{z} = 2 \frac{M_{xy}}{m}$$

$$E) \bar{x} = \frac{M_{yz}}{3m}, \quad \bar{y} = \frac{M_{zx}}{3m}, \quad \bar{z} = \frac{M_{xy}}{3m}$$

49. Үш еселі интегралдың қасиетін көрсетіңіз.

$$A) \iiint_{(T)} kf(x, y, z) dx dy dz = k + \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz$$

$$B) \iiint_{(T)} kf(x, y, z) dx dy dz = \frac{1}{k} \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz$$

$$C) \iiint_{(T)} kf(x, y, z) dx dy dz = -\frac{1}{k} \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz$$

$$D) \iiint_{(T)} kf(x, y, z) dx dy dz = k \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz$$

$$E) \iiint_{(T)} kf(x, y, z) dx dy dz = -k \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz$$

50. Егер $(T) = (T_1) + (T_2)$ болса, онда үш еселі интегралдың қасиетін көрсетіңіз.

$$A) \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz = \frac{1}{3} \left(\iiint_{(T_1)} f(x, y, z) dx dy dz + \iiint_{(T_2)} f(x, y, z) dx dy dz \right)$$

$$B) \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz = \iiint_{(T_1)} f(x, y, z) dx dy dz - \iiint_{(T_2)} f(x, y, z) dx dy dz$$

$$\text{C) } \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz = \frac{1}{2} \left(\iiint_{(T_1)} f(x, y, z) dx dy dz + \iiint_{(T_2)} f(x, y, z) dx dy dz \right)$$

$$\text{D) } \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz = \frac{1}{2} \left(\iiint_{(T_1)} f(x, y, z) dx dy dz - \iiint_{(T_2)} f(x, y, z) dx dy dz \right)$$

$$\text{E) } \iiint_{(T)} f(x, y, z) dx dy dz = \iiint_{(T_1)} f(x, y, z) dx dy dz + \iiint_{(T_2)} f(x, y, z) dx dy dz$$

2 ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР

Бұл тараудағы теориялық сұрақтар «Математика 2» пәнінің «Дифференциалдық теңдеулер» тарауларының тақырыптарын қамтиды. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған теориялық сұрақтар берілген.

2.1 Тест тапсырмалары

1. $y'' = f(x, y')$ теңдеуінің ретін төмендету үшін келесі ауыстыру қолданылады:

- A) $y' = p(y)$ ауыстыруы
- B) $y' = p(x)$ ауыстыруы
- C) $y'' = p(y)$ ауыстыруы
- D) $y = u(x)v(x)$ ауыстыруы
- E) $y'' = p(x)$ ауыстыруы

2. Берілген дифференциалдық теңдеулерден бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеуді көрсетіңіз.

- A) $P(x)dy - Q(y)dx = 0$
- B) $P(x, y)dx + Q(x, y)dy = 0$
- C) $y' + p(x)y = q(x)$
- D) $y'' + py' + qy = 0$
- E) $y' = \varphi\left(\frac{y}{x}\right)$

3. $P(x)dy - Q(y)dx = 0$ дифференциалдық теңдеуінің түрін анықтаңыз.

- A) толық дифференциалды теңдеу
- B) айнымалылары ажыратылатын теңдеу
- C) сызықтық теңдеу
- D) біртекті теңдеу
- E) бернулли теңдеуі

4. $f(x, y', y'') = 0$ теңдеуінің ретін төмендету үшін келесі ауыстыру қолданылады:

- A) $y' = p(x)$ ауыстыруы
- B) $y' = p(y)$ ауыстыруы
- C) $y'' = p(y)$ ауыстыруы
- D) $y = u(x)v(x)$ ауыстыруы
- E) $y'' = p(x)$ ауыстыруы

5. $f(x, y'') = 0$ теңдеуінің ретін төмендету үшін келесі ауыстыру қолданылады:

- A) $y' = p(x)$ ауыстыруы
- B) $y' = p(y)$ ауыстыруы
- C) $x = p(y)$ ауыстыруы
- D) $y' = tx$ ауыстыруы
- E) $y = u(x)v(x)$ ауыстыруы

6. Егер ... шарты орындалса, онда $P(x, y)dx + Q(x, y)dy = 0$ бірінші ретті дифференциалдық теңдеуі толық дифференциалдық теңдеу деп аталады, мұндағы $P(x, y), Q(x, y)$ - дифференциалданатын функциялар.

- A) $\frac{\partial P}{\partial x} = \frac{\partial Q}{\partial y}$
- B) $\frac{\partial P}{\partial y} = \frac{\partial Q}{\partial x}$
- C) $\frac{\partial P}{\partial x} = \frac{\partial Q}{\partial x}$
- D) $\frac{\partial P}{\partial y} = \frac{\partial Q}{\partial y}$
- E) $\frac{\partial P}{\partial x} = -\frac{\partial Q}{\partial y}$

7. Дифференциалдық теңдеудің шешімін табу үрдісі ... деп аталады.

- A) дифференциалдау
- B) интегралдау
- C) логарифмдеу
- D) потенциалдау
- E) айнымалыны ажырату

8. Егер дифференциалдық теңдеуде белгісіз функция бір ғана айнымалыдан тәуелді функция болса, онда дифференциалдық теңдеу ... деп аталады.

- A) дербес туындылы теңдеу
- B) толық дифференциалды теңдеу
- C) біртекті теңдеу
- D) қарапайым теңдеу
- E) сызықты теңдеу

9. $y = \varphi(x, c_1, c_2)$ жалпы шешіміне сәйкес келетін дифференциалдық теңдеудің ретін көрсетіңіз.

- A) 2
- B) 1
- C) 3
- D) 4
- E) 0

10. Бір немесе бірнеше айнымалы функцияны, айнымалыларды және функцияның туындыларын байланыстыратын теңдеу ... деп аталады.

- A) сипаттамалық теңдеу
- B) дифференциалдық теңдеу
- C) квадрат теңдеу
- D) бір немесе бірнеше белгісізді теңдеу
- E) кубтық теңдеу

11. n дәрежелі $F(x, y, y', \dots, y^{(n)}) = 0$ дифференциалдық теңдеудің қанағаттандыратын, x айнымалысынан және c_1, c_2, \dots, c_n кез келген n өзара тәуелсіз тұрақты шамаларынан тәуелді $y = \varphi(x, c_1, c_2, \dots, c_n)$ функциясын теңдеудің ... деп аталады.

- A) жалпы интегралы
- B) жалпы шешімі
- C) дербес шешімі
- D) Коши есебі
- E) дербес интегралы

12. $f_1(x)f_2(y)dx + g_1(x)g_2(y)dy = 0$ түріндегі бірінші ретті дифференциалдық теңдеудің түрін анықтаңыз.

- A) Бернулли теңдеуі
- B) біртекті теңдеу
- C) сызықтық теңдеу
- D) айнымалылары ажыратылатын
- E) толық дифференциалды теңдеу

13. Сипаттамалық теңдеуінің түбірлері k_1, k_2 нақты және әр түрлі жағдайында екінші ретті тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық теңдеудің фундаменталдық шешімдерін көрсетіңіз.

- A) $y_1 = e^{k_1x}, y_2 = e^{k_2x}$
- B) $y_1 = e^{k_1x}, y_2 = xe^{k_1x}$
- C) $y_1 = e^{k_2x}, y_2 = xe^{k_2x}$
- D) $y_1 = e^{k_1x}, y_2 = e^{(k_1+k_2)x}$
- E) $y_1 = e^{(k_1+k_2)x}, y_2 = e^{k_2x}$

14. k_1 сипаттамалық теңдеуінің жалғыз түбірі болған жағдайында екінші ретті тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық теңдеудің фундаменталдық шешімдерін көрсетіңіз.

- A) $y_1 = e^{k_1x}, y_2 = xe^{k_1x}$
- B) $y_1 = e^{k_1x}, y_2 = e^{k_1x}$
- C) $y_1 = e^{k_1x}, y_2 = e^{2k_1x}$
- D) $y_1 = e^{2k_1x}, y_2 = e^{k_1x}$
- E) $y_1 = xe^{k_1x}, y_2 = xe^{k_1x}$

15. Сипаттамалық теңдеуінің түбірлері $k_1 = \alpha + \beta i, k_2 = \alpha - \beta i$ түйіндес комплекс сандар болған жағдайында екінші ретті тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық теңдеудің фундаменталдық шешімдерін көрсетіңіз:

- A) $y_1 = e^{\alpha x} \cos \beta x, y_2 = e^{\alpha x} \sin \beta x$
- B) $y_1 = e^{\alpha x}, y_2 = e^{\alpha x} \cos \beta x$
- C) $y_1 = e^{\alpha x}, y_2 = e^{\alpha x} \sin \beta x$
- D) $y_1 = e^{\alpha x} \cos \beta x, y_2 = e^{k_2x}$

Е) $y_1 = xe^{k_1x}, \quad y_2 = xe^{k_2x}$

16. Сызықты тұрақты коэффициентті біртекті дифференциалдық теңдеудің оң жағы $f(x) = e^{\alpha \cdot x}$ түрінде беріліп, мұндағы α сипаттамалық теңдеудің жай түбірі болса, онда $\tilde{y} = Ax^m e^{\alpha \cdot x}$ дербес шешіміндегі m саны қалай анықталады?

- A) $m = 1$
- B) $m = 0$
- C) $m = 2$
- D) $m = -1$
- E) $m = -2$

17. $y'' + py' + qy = 0$ дифференциалдық теңдеуінің сипаттамалық теңдеуін көрсетіңіз.

- A) $k^2 + pk = 0$
- B) $k^2 + pk + q = 0$
- C) $k^2 + qk = 0$
- D) $2k + p = 0$
- E) $k^2 + p = 0$

18. Толық дифференциалдық теңдеуді шешудегі $U(x, y)$ функциясын есептеу формуласын көрсетіңіз.

- A) $U = \int_{x_0}^x P(x, y) dx + \int_{y_0}^y Q(x_0, y) dy$
- B) $U = \int_{x_0}^x P(x_0, y) dx + \int_{y_0}^y Q(x_0, y) dy$
- C) $U = \int_{x_0}^x P(x, y_0) dx + \int_{y_0}^y Q(x, y) dy$
- D) $U = \int_{x_0}^x P(x, y_0) dx + \int_{y_0}^y Q(x, y_0) dy$
- E) $U = \int_{x_0}^x P(x_0, y_0) dx + \int_{y_0}^y Q(x, y) dy$

19. Егер $\frac{\frac{\partial P}{\partial y} - \frac{\partial Q}{\partial x}}{Q}$ функциясы тек x айнымалысынан тәуелді болса, онда толық дифференциалдық теңдеулерге келтірілетін

теңдеулерде $\left(\frac{\partial P}{\partial y} \neq \frac{\partial Q}{\partial x}\right)$ шарты орындалмаған жағдайда) теңдеуді интегралдаушы көбейткіш $M(x; y)$ функциясына көбейту қажет, есептелуі:

$$A) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial P}{\partial y} - \frac{\partial Q}{\partial x}}{Q} \right) dx}$$

$$B) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial P}{\partial x} - \frac{\partial Q}{\partial y}}{Q} \right) dx}$$

$$C) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial P}{\partial y} - \frac{\partial Q}{\partial y}}{Q} \right) dx}$$

$$D) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial P}{\partial y} - \frac{\partial Q}{\partial x}}{P} \right) dx}$$

$$E) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial P}{\partial y} + \frac{\partial Q}{\partial x}}{Q} \right) dx}$$

20. Егер $\frac{-\frac{\partial P}{\partial y} + \frac{\partial Q}{\partial x}}{P}$ функциясы тек y айнымалысынан тәуелді болса, онда толық дифференциалық теңдеулерге келтірілетін теңдеулерде $\left(\frac{\partial P}{\partial y} \neq \frac{\partial Q}{\partial x}\right)$ шарты орындалмаған жағдайда) теңдеуді интегралдаушы көбейткіш $M(x; y)$ функциясына көбейту қажет, есептелуі:

$$A) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial Q}{\partial x} - \frac{\partial P}{\partial y}}{P} \right) dy}$$

$$B) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial Q}{\partial x} - \frac{\partial P}{\partial y}}{Q} \right) dy}$$

$$C) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial Q}{\partial x} + \frac{\partial P}{\partial y}}{P} \right) dy}$$

$$D) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial Q}{\partial x} - \frac{\partial P}{\partial x}}{P} \right) dy}$$

$$E) M = e^{\int \left(\frac{\frac{\partial Q}{\partial y} - \frac{\partial P}{\partial y}}{P} \right) dy}$$

21. $y'' + py' + qy = (a_0 + a_1x + a_2x^2 + \dots + a_nx^n)e^{\alpha x} = P_n(x)e^{\alpha x}$ тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес сызықтық дифференциалдық теңдеуде сипаттамалық теңдеудің түбірлері $\alpha \neq k_1$ және $\alpha \neq k_2$ жағдайында біртекті емес теңдеудің дербес шешімі:

$$A) \tilde{y} = \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$B) \tilde{y} = x\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$C) \tilde{y} = x^2\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$D) \tilde{y} = \frac{1}{x}\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$E) \tilde{y} = \frac{1}{x^2}\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

22. $y'' + py' + qy = (a_0 + a_1x + a_2x^2 + \dots + a_nx^n)e^{\alpha x} = P_n(x)e^{\alpha x}$ тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес сызықтық дифференциалдық теңдеуде сипаттамалық теңдеудің түбірлері $\alpha = k_1$ немесе $\alpha = k_2$ жағдайында біртекті емес теңдеудің дербес шешімі:

$$A) \tilde{y} = \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$B) \tilde{y} = \frac{1}{x}\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$C) \tilde{y} = x^2\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$D) \tilde{y} = x\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

$$E) \tilde{y} = \frac{1}{x^2}\bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$$

23. $y'' + py' + qy = (a_0 + a_1x + a_2x^2 + \dots + a_nx^n)e^{\alpha x} = P_n(x)e^{\alpha x}$ тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес сызықтық дифференциалдық теңдеуде сипаттамалық теңдеудің түбірлері

$\alpha = k_1$ және $\alpha = k_2$ жағдайында біртекті емес теңдеудің дербес шешімі:

A) $\tilde{y} = \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$

B) $\tilde{y} = \frac{1}{x} \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$

C) $\tilde{y} = \frac{1}{x^2} \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$

D) $\tilde{y} = x \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$

E) $\tilde{y} = x^2 \bar{P}_n(x)e^{\alpha x}$

24. $y'' + py' + qy = (M \cos \beta x + N \sin \beta x)e^{\alpha x}$ тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес сызықтық дифференциалдық теңдеуде сипаттамалық теңдеудің түбірлері $\alpha \neq k_1$ және $\alpha \neq k_2$ жағдайында біртекті емес теңдеудің дербес шешімі:

A) $\tilde{y} = (A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

B) $\tilde{y} = x(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

C) $\tilde{y} = x^2(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

D) $\tilde{y} = \frac{1}{x}(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

E) $\tilde{y} = \frac{1}{x^2}(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

25. $y'' + py' + qy = (M \cos \beta x + N \sin \beta x)e^{\alpha x}$ тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес сызықтық дифференциалдық теңдеуде сипаттамалық теңдеудің түбірлері $\alpha + \beta i = k_1$ немесе $\alpha - \beta i = k_2$ жағдайында біртекті емес теңдеудің дербес шешімі:

A) $\tilde{y} = (A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

B) $\tilde{y} = \frac{1}{x^2}(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

C) $\tilde{y} = x^2(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

D) $\tilde{y} = \frac{1}{x}(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

E) $\tilde{y} = x(A \cos \beta x + B \sin \beta x)e^{\alpha x}$

26. $y' + P(x)y = Q(x)$ бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеуде $Q(x) = 0$ болса, онда теңдеу ... деп аталады.

- A) қарапайым
- B) біртекті емес
- C) біртекті
- D) тұрақты коэффициентті
- E) сызықтық

27. $y' + P(x)y = Q(x)$ бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеуде $Q(x) \neq 0$ болса, онда теңдеу ... деп аталады.

- A) қарапайым
- B) біртекті емес
- C) біртекті
- D) тұрақты коэффициентті
- E) сызықтық

28. $u = \frac{y}{x}$ ауыстырымынан кейін біртекті бірінші ретті дифференциалдық теңдеу дифференциалдық теңдеулердің қай түріне келеді?

- A) Сызықтық теңдеуге
- B) Айнымалысы ажыратылатын теңдеуге
- C) Толық дифференциалдық теңдеуге
- D) Бернулли теңдеуіне
- E) Реті төменділетін теңдеуге

29. Дифференциалдық теңдеудің құрамындағы ең жоғарғы туындының реті теңдеудің несін анықтайды?

- A) күрделілігін
- B) ретін
- C) жалпы интегралын
- D) белгісіздер санын
- E) жалпы шешімін

30. n бастапқы $y(x_0) = y_0; y'(x_0) = y'_0; y''(x_0) = y''_0; \dots; y^{(n-1)}(x_0) = y_0^{(n-1)}$ шарттарын қанағаттандыратын n -ші ретті ($n = 1, 2, 3, \dots$)

дифференциалдық теңдеудің дербес интегралын анықтау қандай атау алған?

- A) Коши есебі
- B) интегралдау есебі
- C) ретін төмендету есебі
- D) Бернулли есебі
- E) вариациалау есебі

31. Бірінші ретті $y' + P(x)y = Q(x)y^n$ дифференциалдық теңдеуінің түрін анықтаңыз.

- A) айнымалылары ажыратылатын теңдеу
- B) Бернулли теңдеуі
- C) толық дифференциалды теңдеу
- D) біртекті теңдеу
- E) сызықтық теңдеу

32. Егер $f(x, y)$ функциясын айнымалылар қатынасымен алынған

$y' = \varphi\left(\frac{y}{x}\right)$ теңдеуі түрінде көрсете алсақ, онда $y' = f(x, y)$

теңдеуін бірінші ретті деп атаймыз.

- A) сызықтық теңдеу
- B) біртекті теңдеу
- C) толық дифференциалды теңдеу
- D) айнымалысы ажыратылатын теңдеу
- E) Бернулли теңдеуі

33. Біртекті теңдеулерді шешудегі жаңа функцияны енгізу формуласын көрсетіңіз.

A) $u = \frac{e^x}{y}$

B) $u = e^{\frac{y}{x}}$

C) $u = \frac{y}{x}$

D) $u = e^x$

E) $u = e^{(y_1+y_2)x}$

34. Толық дифференциалды теңдеуді шешудегі $U(x, y)$ функциясының есептелуін көрсетіңіз.

A) $U = \int_{x_0}^x P(x, y)dx + \int_{y_0}^y Q(x_0, y)dy$

B) $U = \int_{x_0}^x P(x_0, y)dx + \int_{y_0}^y Q(x_0, y)dy$

C) $U = \int_{x_0}^x P(x, y_0)dx + \int_{y_0}^y Q(x, y_0)dy$

D) $U = \int_{x_0}^x P(x, y)dx + \int_{y_0}^y Q(x_0, y)dy$

E) $U = \int_{x_0}^x P(x_0, y_0)dx + \int_{y_0}^y Q(x, y)dy$

35. $y' + P(x)y = Q(x)$ түріндегі бірінші ретті дифференциалдық теңдеудің атауы, мұндағы $P(x)$ және $Q(x)$ - үзіліссіз функциялар.

A) толық дифференциалдық теңдеу

B) Бернулли теңдеуі

C) сызықтық теңдеуі

D) айнымалысы ажыратылатын теңдеуі

E) біртекті теңдеуі

36. $F(x, y, y', y'', \dots, y^{(n)}) = 0$ дифференциалдық теңдеуін қанағаттандыратын, яғни оны тепе-теңдікке айналдыратын $y = f(x)$ функциясы теңдеудің ... деп аталады.

A) жалпы интегралы

B) шешімі

C) сипаттамалық теңдеуі

D) Коши есебі

E) сызықтық теңдеуі

37. Төмендегі бірінші ретті дифференциалдық теңдеулерде ауыстыру қолданылмайтын түрін көрсетіңіз.

A) айнымалылары ажыратылатын теңдеу

B) біртекті теңдеу

C) толық дифференциалдық теңдеу

D) сызықтық теңдеу

E) Бернулли теңдеуі

38. $y' + P(x)y = Q(x)$ сызықтық теңдеуін шешуде қолданылатын Бернулли ауыстыруын көрсетіңіз.

- A) $y = \frac{u}{v}$
- B) $y = uv$
- C) $y = u^2v$
- D) $y = uv^2$
- E) $y = \frac{v}{u}$

39. n - ші ретті $y^{(n)} = f(x)$ дифференциалдық теңдеуінің жалпы шешімін ... табамыз.

- A) n санына көбейту арқылы
- B) n санына бөлу арқылы
- C) n рет интегралдау арқылы
- D) n рет туындылау арқылы
- E) n санын қосу арқылы

40. n - ші ретті $F(x, y^{(\kappa)}, y^{(\kappa+1)}, \dots, y^{(n)}) = 0$ дифференциалдық теңдеуінің жалпы шешімін ... табамыз.

- A) n санына көбейту арқылы
- B) n рет интегралдау арқылы
- C) n санына бөлу арқылы
- D) $y^{(\kappa)} = z, y^{(\kappa+1)} = z', y^{(\kappa+2)} = z'', \dots, y^{(n)} = z^{(n-\kappa)}$ ауыстыруы арқылы
- E) n рет туындылау арқылы

41. Тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес $y'' + py' + qy = f(x)$ сызықтық дифференциалдық теңдеуінде $f(x)$ функциясы теңдеудің ... деп аталады.

- A) коэффициенті
- B) белгісізі
- C) оң жағы
- D) жалпы шешімі
- E) дербес шешімі

42. Тұрақты коэффициентті екінші ретті біртекті емес $y'' + py' + qy = f(x)$ сызықтық дифференциалдық теңдеудіңде p, q тұрақты сандары - теңдеудің ... деп аталады.

- A) коэффициенттері
- B) белгісіздері
- C) оң жағы
- D) бос мүшелері
- E) дербес шешімдері

43. Егер $y'' + py' + qy = f(x)$ тұрақты коэффициентті екінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеудіңде ... болса, онда ол біртекті теңдеу деп аталады.

- A) $f(x) < 0$
- B) $f(x) = 1$
- C) $f(x) \neq 0$
- D) $f(x) = -1$
- E) $f(x) \equiv 0$

44. Егер $y'' + py' + qy = f(x)$ тұрақты коэффициентті екінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеудіңде $f(x) \neq 0$ болса, онда ол ... теңдеу деп аталады.

- A) біртекті
- B) біртекті емес
- C) сызықтық
- D) сызықтық емес
- E) реті төменділетін

45. Егер $\alpha_1 y_1(x) + \alpha_2 y_2(x) \equiv 0$ тепе-теңдігі тек $\alpha_1 = \alpha_2 = 0$ жағдайында ғана орынды болса, онда $y_1(x)$ және $y_2(x)$ функциялары ... деп аталады.

- A) сызықтық тәуелді
- B) біртекті
- C) сызықтық тәуелсіз
- D) сызықтық емес
- E) біртектісіз

46. $\alpha_1 y_1(x) + \alpha_2 y_2(x) \equiv 0$ тепе-теңдігі орынды болатындай тым болмаса біреуі нөлден өзгеше α_1, α_2 қос саны табылса, онда y_1, y_2 функциялары ... деп аталады.

- A) сызықтық тәуелді
- B) біртекті
- C) сызықтық тәуелсіз
- D) сызықтық емес
- E) біртектісіз

47. $y'' + py' + qy = 0$ біртекті теңдеуінің $k^2 + pk + q = 0$ сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты:

- A) $D = p^2 - 3q$
- B) $D = p^2 - 2q$
- C) $D = p^2 - 4q$
- D) $D = p^2 - q$
- E) $D = p^2 - \frac{q}{2}$

48. $y'' + py' + qy = 0$ біртекті теңдеуінің $k^2 + pk + q = 0$ сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D > 0$ болса, онда квадрат теңдеуінің түбірлері:

- A) $k_1 = \frac{-3p - \sqrt{D}}{2}, k_2 = \frac{-3p + \sqrt{D}}{2}$
- B) $k_1 = \frac{-p - \sqrt{D}}{4}, k_2 = \frac{-p + \sqrt{D}}{4}$
- C) $k_1 = \frac{-p - 3\sqrt{D}}{2}, k_2 = \frac{-p + 3\sqrt{D}}{2}$
- D) $k_1 = \frac{-p - \sqrt{D}}{2}, k_2 = \frac{-p + \sqrt{D}}{2}$
- E) $k_1 = \frac{-p - \sqrt{D}}{3}, k_2 = \frac{-p + \sqrt{D}}{3}$

49. $y'' + py' + qy = 0$ біртекті теңдеуінің $k^2 + pk + q = 0$ сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D = 0$ болса, онда квадрат теңдеуінің түбірлері:

$$A) k_1 = k_2 = -\frac{p}{5}$$

$$B) k_1 = k_2 = -\frac{p}{3}$$

$$C) k_1 = k_2 = -\frac{p}{4}$$

$$D) k_1 = k_2 = -\frac{p}{\sqrt{2}}$$

$$E) k_1 = k_2 = -\frac{p}{2}$$

50. $y'' + py' + qy = 0$ біртекті теңдеуінің $k^2 + pk + q = 0$ сипаттамалық теңдеуінің дискриминанты $D < 0$ болса, онда квадрат теңдеуінің түбірлері:

$$A) k_{1,2} = \alpha \pm \beta i$$

$$B) k_1 = k_2 = -\frac{p}{2}$$

$$C) k_1 = k_2 = -\frac{p}{3}$$

- E) $4/33$

39. Екі мерген нысанаға бір-бірден атыс жүргізді. 1-ші мергеннің нысанаға тигізу ықтималдығы 0,7, ал екіншісінікі 0,95. Тым болмаса бір мергеннің нысанаға тигізуінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0,985
- B) 1,612
- C) 0,637
- D) 0,245
- E) 0,124

40. Қорапта 7 ақ, 1 қызыл, 2 көк түсті түймелер бар. Кездейсоқ алынған түйменің қызыл емес басқа түсті болуының ықтималдығын табыңыз.

- A) $\frac{9}{10}$
- B) $\frac{1}{7}$
- C) $\frac{4}{3}$
- D) $\frac{10}{10}$
- E) 1

41. Бірінші жәшікте 4 жасыл және 12 қара шар, ал екінші жәшікте 10 жасыл және 6 қара шар бар. Әр жәшіктен бір шардан алса, бірінші жәшіктен қара, екінші жәшіктен жасыл шар шығуының ықтималдығы қандай?

- A) $\frac{15}{32}$
- B) $\frac{1}{32}$
- C) $\frac{2}{33}$
- D) $\frac{15}{33}$
- E) $\frac{7}{32}$

42. Аңды екі аңшының біреуі $\frac{2}{3}$, екіншісі $\frac{3}{4}$ ықтималдығымен атып ала алады. Аңға тым болмаса біреуінің оқ тигізу ықтималдығын табыңыз.

- A) 11/12
- B) 11/13
- C) 0,25
- D) 0,31
- E) 10/13

43. Қораптың ішінде 5 қара, 1 қызыл, 2 көк түсті шарлар бар. Кездейсоқ алынған шардың қызыл емес басқа түсті болуының ықтималдығын табыңыз.

- A) $\frac{7}{8}$
- B) $\frac{1}{3}$
- C) $\frac{1}{2}$
- D) $\frac{9}{10}$
- E) 1

44. Бір-бірінен тәуелсіз үш А, В және С оқиғаларының ықтималдықтары сәйкес $P(A)=0,8$ ал $P(B)=0,25$, $P(C)=0,7$ болса, онда олардың АВС көбейтіндісінің ықтималдығы неге тең?

- A) 0,11
- B) 0,31
- C) 0,56
- D) 0,14
- E) 0,25

45. 1-ші жәшіктегі 5 детальдің 1-і боялған, ал 2-ші жәшіктегі 5 детальдің 3-і боялған. Деталь жинаушы әр жәшіктен бір-бірден 2 деталь алды. Олардың тым болмаса біреуі бояландығының ықтималдығын табу керек.

- A) 17/25
- B) 5/16
- C) 1/51
- D) 2/5
- E) 1/3

46. Қораптың ішінде 7 жасыл, 1 қызыл, 2 көк түсті қарындаштар бар. Кездейсоқ алынған қарындаштардың көк емес басқа түсті болуының ықтималдығын табыңыз.

- A) $\frac{4}{5}$
- B) $\frac{1}{7}$
- C) $\frac{1}{4}$
- D) $\frac{9}{10}$
- E) 1

47. Қорапта 6 қызыл және 8 қара қарындаш, ал сөреде 7 қызыл және 7 қара қарындаштар бар. Бір-біріне тәуелсіз қораптан қара, ал сөреден қызыл қарындаш алынуының ықтималдығы қандай?

- A) $2/7$
- B) $1/9$
- C) $2/3$
- D) $3/4$
- E) $1/6$

48. Жұмысшы 2 станоктың істен шықпауын қамтамасыз етеді. 1 сағат ішінде жұмысшының қадағалауынсыз жұмыс істеу ықтималдығы 1-станок үшін 0,5 –ке тең, 2-сі үшін - 0,3. Бір сағат бойында тым болмаса бір станок жұмысшының қадағалауынсыз жұмыс істеуінің ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,65
- B) 0,3
- C) 0,6
- D) 0,41
- E) 0,37

49. Қораптағы қарындаштардың ішінде 6 қоңыр, 4 қызыл, 2 көк түсті. Кездейсоқ алынған қарындаштардың көк емес басқа түсті болуының ықтималдығын табыңыз.

- A) $\frac{5}{6}$
B) $\frac{4}{1}$
C) $\frac{6}{9}$
D) $\frac{10}{1}$
E) 1

50. Үш мерген бір-бірінен тәуелсіз нысананы атуда. Біріншісінің нысанаға тию ықтималдығы 0,8, екіншісінікі 0,75, үшіншісінікі 0,9. Үш мергеннің де бір уақытта нысанаға тию ықтималдығын табу керек.

- A) $\frac{27}{50}$
B) $\frac{23}{50}$
C) $\frac{11}{50}$
D) $\frac{13}{50}$
E) $\frac{3}{50}$

24 ТОЛЫҚ ЫҚТИМАЛДЫҚ ЖӘНЕ БАЙЕС ФОРМУЛАСЫ

Бұл тараудағы есептер «Математика 2» пәнінің «Толық ықтималдық және Байес формуласы» тақырыбына арналған. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған есептер берілген.

24.1 Тест тапсырмаларын шығару үлгілері

Мысал 24.1: Цехта өнімділігі бірдей 3 түрлі құрылғы бірдей заттар жасап шығарады. Бірінші, екінші және үшінші түрдегі құрылғылардың сапалы зат шығару ықтималдығы сәйкесінше 0,94; 0,9 және 0,85. Жәшікте 10 заттың 5-і бірінші түрдегі құрылғымен, 3-і екінші түрдегі құрылғымен, ал қалған 2-і үшінші түрдегі құрылғымен жасалған. Жәшіктен кез келген бір зат алынды. Алынған заттың сапалы болу ықтималдығын табыңыз.

Шешімі:

а) Егер A оқиғасы өзара үйлесімсіз толық топ құрайтын B_1, B_2, \dots, B_n болжамдарының (гипотезалар) біреуі орындалғанда орындалса, онда A оқиғасының орындалу ықтималдығы әр гипотеза ықтималдығының A оқиғасының шартты ықтималдығына көбейтінділерінің қосындысына тең болады:

$$P(A) = P(B_1) \cdot P_{B_1}(A) + P(B_2) \cdot P_{B_2}(A) + \dots + P(B_n) \cdot P_{B_n}(A) = \sum_{i=1}^n P(B_i) \cdot P_{B_i}(A), \quad (24.1)$$

және болжамдар ықтималдықтардың толық тобын құрайтындықтан

$$P(B_1) + P(B_2) + \dots + P(B_n) = \sum_{i=1}^n P(B_i) = 1.$$

б) A - жәшіктен алынған заттың сапалы болуы.

Онда болжамдар:

B_1 - зат бірінші түрдегі құрылғымен жасалған,

B_2 - зат екінші түрдегі құрылғымен жасалған,

B_3 - зат үшінші түрдегі құрылғымен жасалған деген оқиғалар болсын.

Есеп шарты бойынша:

$$P(B_1) = \frac{5}{10} = \frac{1}{2}, \quad P(B_2) = \frac{3}{10}, \quad P(B_3) = \frac{2}{10} = \frac{1}{5}.$$

Егер заттың жекелей бірінші, екінші және үшінші түрдегі құрылғылармен жасалғаны белгілі болса, онда оның сапалы болу ықтималдығы:

$$P_{B_1}(A) = 0,94, \quad P_{B_2}(A) = 0,9, \quad P_{B_3}(A) = 0,85.$$

Толық ықтималдықтың формуласын бойынша жәшіктен алынған заттың сапалы болу ықтималдығы:

$$P(A) = \frac{1}{2} \cdot 0,94 + \frac{3}{10} \cdot 0,9 + \frac{1}{5} \cdot 0,85 = 0,91.$$

с) Жауабы: $P(A) = 0,91$.

Мысал 24.2: Жоғарыдағы 24.1-мысалында алынған заттың сапалы екені белгілі болсын, яғни $P(A) = 0,91$. Осы алынған заттың екінші түрдегі құрылғымен жасалу ықтималдығы неге тең, яғни $P_A(B_2)$ неге тең?

Шешімі:

а) А оқиғасы өзара үйлесімсіз толық топ құрайтын B_1, B_2, \dots, B_n болжамдардың біреуі орындалғанда орындалсын. Егер А оқиғасы орындалса, онда болжамдар ықтималдығы Бейес формуласымен бағаланады:

$$P_A(B_i) = \frac{P(B_i) \cdot P_{B_i}(A)}{\sum_{i=1}^n P(B_i) P_{B_i}(A)}, \quad i = \overline{1, n}. \quad (24.2)$$

бұл формуладағы $P(A)$ жоғарғыдағы (24.1) формуласымен есептеледі.

б) $P(B_2) = \frac{3}{10}$ - болжамның А оқиғасы орындалғанға дейінгі ықтималдығы, $P_A(B_2)$ шартты ықтималдығы А оқиғасы орындалғаннан кейінгі ықтималдығы.

Байес формуласын қолдансақ:

$$P_A(B_2) = \frac{P(B_2) \cdot P_{B_2}(A)}{\sum_{i=1}^3 P(B_i) P_{B_i}(A)} = \frac{\frac{3}{10} \cdot 0,9}{0,91} \approx 0,297.$$

с) Жауабы: $P(A) \approx 0,297$.

24.2 Тест тапсырмалары

1. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,25; 0,5; 0,25 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,7; 0,6; 0,8. Осы партиялардың бірінен алынған радиошамның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,675
- B) 0,765
- C) 0,810
- D) 0,521
- E) 0,745

2. Екі атқыш бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші атқыштың нысанаға тигізу ықтималдығы 0,8, ал екіншісінікі 0,4 болса, онда нысанаға тиген оқ бірінші атқыштікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) $\frac{2}{3}$
- B) $\frac{1}{3}$
- C) $\frac{4}{3}$
- D) $\frac{1}{2}$
- E) 1

3. 350 механизмдердің 160 - бірінші сортқа, 110 - екінші сортқа, 80 - үшінші сортқа жатады. Бірінші сортқа жататын механизмдердің ішінде сапасыз механизм болуының ықтималдығы 0,01, ал екінші сортқа жататындардың арасында - 0,02, үшінші сортқа жататындардың арасында - 0,04 тең. Кез келген бір механизм алынды. Алынған механизмнің сапасыз екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0,02
- B) 0,28

- C) 0,53
- D) 0,96
- E) 0,64

4. Құрылыс отрядында 70 бірінші курс, 30 екінші курс студенттері бар. Бірінші курс студенттерінің ішінде 10, ал екінші курс студенттерінің ішінде 5 қыз бар. Барлық қыздар кезекпен асханада жұмыс істейді. Кез келген бір күнде тексергенде асханада бірінші курста оқитын қыз жұмыс істеп жатқандығының ықтималдығы қандай?

- A) $\frac{70}{85}$
- B) $\frac{11}{77}$
- C) $\frac{15}{71}$
- D) $\frac{2}{11}$
- E) 1

5. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,2; 0,3; 0,5 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,7; 0,8; 0,9. Осы партиялардың бірінен алынған радиошамның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,83
- B) 0,76
- C) 0,52
- D) 0,67
- E) 0,74

6. Екі атқыш бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші атқыштың нысанаға тигізу ықтималдығы 0,6, ал екіншісінікі 0,8 болса, онда нысанаға тиген оқ екінші атқыштікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0

- B) $\frac{3}{5}$
- C) $\frac{1}{4}$
- D) $\frac{7}{7}$
- E) $\frac{5}{7}$

7. Спортшылардың бір тобында 20 шаңғышы, 10 велосипедші бар. Квалификациялық мөлшерді орындау ықтималдығы шаңғышылар үшін 0,85 тең, ал велосипедшілер үшін 0,7 тең. Осы топтан алынған кез келген бір спортшының квалификациялық мөлшерді орындауының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,8
- B) 0,9
- C) 0,6
- D) 0,7
- E) 0,3

8. Екі студент бірдей көлемді мәтінді компьютерге енгізді. Бірінші студенттің қате жіберу ықтималдығы 0,04, ал екіншісінікі 0,2. Тексергенде бір қате табылды. Қате жіберген бірінші студент екендігінің ықтималдығы қандай?

- A) 0,17
- B) 0,81
- C) 0,51
- D) 0,14
- E) 0,15

9. Цехта үш автоматты құрылғы барлығы 5500 бұйым жасап шығарды. Оның ішінде бірінші құрылғыда 1000, екіншісінде - 2000, ал үшіншісінде - 2500 бұйым жасалып шығарылды. Егер бірінші құрылғының сапасыз бұйым шығаруы 0,3, екіншісінікі 0,2, үшіншісінікі 0,4 болса, алынған кез келген бір бұйымның сапасыз болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,309
- B) 0,347
- C) 0,210

- D) 0,503
- E) 0,013

10. Жолаушы билет алу үшін үш кассаның біреуіне бару керек еді. Кассалардың әртүрлі қашықтықта орналасуына байланысты бұл кассаларға баруының сәйкес ықтималдықтары 0,5; 0,3; 0,2. Ал жолаушы келгенде кассаларда билеттің бар болуының ықтималдығы сәйкес кассалар үшін 0,6; 0,5; 0,4. Жолаушы билетті кассалардың бірінен алды. Билетті бірінші кассадан алу ықтималдығын табу керек.

- A) 0,566
- B) 0,614
- C) 0,144
- D) 0,544
- E) 0,853

11. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,1; 0,2; 0,7 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,9; 0,8; 0,6. Осы партиялардың бірінен алынған радиошамның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,76
- B) 0,84
- C) 0,52
- D) 0,67
- E) 0,74

12. Жолаушы орманда адасып жүріп алаңға шықты. Алаңнан 2 жол шығады екен. Осы жолдармен жүргенде орманнан шығудың сәйкес жолдар үшін ықтималдықтары 0,6; 0,4 . Егер жолаушының орманнан шыққаны белгілі болса, онда оның бірінші жолмен шыққандығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,3
- B) 0,6
- C) 0,5
- D) 0,8
- E) 1

13. 350 механизмдердің 120 - бірінші сортқа, 150 - екінші сортқа, 80 - үшінші сортқа жатады. Бірінші сортқа жататын механизмдердің ішінде сапасыз механизм болуының ықтималдығы 0,2, ал екінші сортқа жататындардың арасында 0,3, үшінші сортқа жататындардың арасында 0,4 тең. Кез келген бір механизм алынды. Алынған механизмнің сапасыз екендігінің ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,18
- B) 0,29
- C) 0,53
- D) 0,96
- E) 0,64

14. Машинаның құрылысындағы 2 шамның біреуі жанып кеткен. Шамдардың жанып кетуінің сәйкес ықтималдықтары 0,3; 0,1. Жанып кеткен екінші шам екендігінің ықтималдығын табу керек?

- A) 0,25
- B) 0,72
- C) 0,57
- D) 0,75
- E) 1

15. Спортшылардың бір тобында 40 шаңғышы, 50 велосипедші бар. Квалификациялық мөлшерді орындау ықтималдығы шаңғышылар үшін 0,75 тең, ал велосипедшілер үшін 0,9 тең. Осы топтан алынған кез келген бір спортшының квалификациялық мөлшерді орындауының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,83
- B) 0,95
- C) 0,67
- D) 0,79
- E) 0,35

16. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,2; 0,3; 0,5 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары

сәйкесінше 0,7; 0,8; 0,9. Егер радиошам белгілі мерзімде жұмыс істеген болса, онда 1-ші партиядан алыну ықтималдығы қандай?

- A) 0,169
- B) 0,837
- C) 0,512
- D) 0,675
- E) 0,747

17. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,2; 0,5; 0,3 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,8; 0,7; 0,6. Осы партиялардың бірінен алынған радиошамның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,69
- B) 0,81
- C) 0,52
- D) 0,75
- E) 0,45

18. Дайын бұйымдар қоймасындағы бұйымдардың 70%-ті бірінші автоматта, ал 30%-ті екінші автоматта дайындалған. Бірінші автоматтың сапалы бұйымдар дайындауының ықтималдығы 0,98, ал екіншісінікі 0,95-ке тең. Алынған кез келген бір бұйым сапалы болып шықты. Осы бұйымның бірінші автоматта дайындалғандығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,806
- B) 0,606
- C) 0,706
- D) 0,506
- E) 0,406

19. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,1; 0,7; 0,2 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,4; 0,5; 0,8. Осы партиялардың бірінен алынған радиошамның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,76
- B) 0,55
- C) 0,52
- D) 0,67
- E) 0,74

20. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,4; 0,1; 0,5 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,7; 0,8; 0,6. Егер радиошам белгілі мерзімде жұмыс істеген болса, онда 3-ші партиядан алыну ықтималдығы қандай?

- A) 0,16
- B) 0,45
- C) 0,51
- D) 0,67
- E) 0,74

21. 250 механизмдердің 60 - бірінші сортқа, 10 - екінші сортқа, 180 - үшінші сортқа жатады. Бірінші сортқа жататын механизмдердің ішінде сапасыз механизм болуының ықтималдығы 0,04, ал екінші сортқа жататындардың арасында - 0,01, үшінші сортқа жататындардың арасында - 0,02 тең. Кез келген бір механизм алынды. Алынған механизмнің сапасыз екендігінің ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,584
- B) 0,024
- C) 0,333
- D) 0,962
- E) 0,646

22. Екі атқыш бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші атқыштың нысанаға тигізу ықтималдығы 0,6, ал екіншісінікі 0,8 болса, онда нысанаға тиген оқ бірінші атқыштікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) $\frac{1}{3}$

- B) $\frac{3}{7}$
- C) $\frac{4}{3}$
- D) $\frac{1}{2}$
- E) 1

23. Қоймаға үш партия радиошам әкелінді. Алынған кез келген радиошамның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,5; 0,2; 0,3 тең. Ал әрбір партиялардағы радиошамдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,9; 0,7; 0,8. Осы партиялардың бірінен алынған радиошамның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,76
- B) 0,33
- C) 0,83
- D) 0,67
- E) 0,44

24. Екі атқыш бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші атқыштың нысанаға тигізу ықтималдығы 0,6, ал екіншісінікі 0,7 болса, онда нысанаға тиген оқ бірінші атқыштікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0,11
- B) 0,32
- C) 0,96
- D) 0,22
- E) 0,46

25. Спортшылардың бір тобында 30 шаңғышы, 20 велосипедші бар. Квалификациялық мөлшерді орындау ықтималдығы шаңғышылар үшін 0,15 тең, ал велосипедшілер үшін 0,3 тең. Осы топтан алынған кез келген бір спортшының квалификациялық мөлшерді орындауының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,88
- B) 0,91

- C) 0,68
- D) 0,21
- E) 0,35

26. Екі аңшы бір-бірінен тәуелсіз бір аңға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ аңға тиді. Егер бірінші атқыштың аңға тигізу ықтималдығы 0,8, ал екіншісінікі 0,4 болса, онда аңға тиген оқ бірінші атқыштікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) $\frac{2}{3}$
- B) $\frac{1}{3}$
- C) $\frac{4}{3}$
- D) $\frac{1}{2}$
- E) 1

27. 350 балалар ойыншықтарының 160 - бірінші сортқа, 110 - екінші сортқа, 80 - үшінші сортқа жатады. Бірінші сортқа жататын ойыншықтардың ішінде сапасыз механизм болуының ықтималдығы 0,01, ал екінші сортқа жататындардың арасында - 0,02, үшінші сортқа жататындардың арасында - 0,04 тең. Кез келген бір ойыншық алынды. Алынған ойыншықтардың сапасыз екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0,02
- B) 0,28
- C) 0,53
- D) 0,96
- E) 0,64

28. «Жасыл ел» көгалдандыру отрядында 70 бірінші курс, 30 екінші курс студенттері бар. Бірінші курс студенттерінің ішінде 10, ал екінші курс студенттерінің ішінде 5 қыз бар. Барлық қыздар кезекпен асханада жұмыс істейді. Кез келген бір күнде тексергенде асханада бірінші курста оқитын қыз жұмыс істеп жатқандығының ықтималдығы қандай?

- A) $\frac{70}{85}$
- B) $\frac{11}{77}$
- C) $\frac{15}{71}$
- D) $\frac{2}{11}$
- E) 1

29. Қоймаға үш партия айналмалы аралар әкелінді. Алынған кез келген айналмалы аралардың осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,2; 0,3; 0,5 тең. Ал әрбір партиялардағы айналмалы аралардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,7; 0,8; 0,9. Осы партиялардың бірінен алынған айналмалы аралардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,83
- B) 0,76
- C) 0,52
- D) 0,67
- E) 0,74

30. Екі мерген бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші мергеннің нысанаға тигізу ықтималдығы 0,6, ал екіншісінікі 0,8 болса, онда нысанаға тиген оқ екінші мергендікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0
- B) $\frac{3}{5}$
- C) 1
- D) $\frac{4}{7}$
- E) $\frac{5}{7}$

31. Спортшылардың бір тобында 20 бадминтон, 10 бейсбол ойыншылары бар. Квалификациялық мөлшерді орындау

ықтималдығы бадминтон ойыншылары үшін 0,85 тең, ал бейсбол ойыншылары үшін 0,7 тең. Осы топтан алынған кез келген бір спортшының квалификациялық мөлшерді орындауының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,8
- B) 0,9
- C) 0,6
- D) 0,7
- E) 0,3

32. Екі оқушы бірдей өлең жолдарын компьютерге енгізді. Бірінші оқушының қате жіберу ықтималдығы 0,04, ал екіншісінікі 0,2. Тексергенде бір қате табылды. Қате жіберген бірінші оқушы екендігінің ықтималдығы қандай?

- A) 0,17
- B) 0,81
- C) 0,51
- D) 0,14
- E) 0,15

33. Бұйымдар жасайтын цехта үш электрлік жабдық барлығы 5500 құрылғы бөлшегін жасап шығарды. Оның ішінде бірінші электрлік жабдықта 1000, екіншісінде - 2000, ал үшіншісінде - 2500 құрылғы бөлшегі жасалып шығарылды. Егер электрлік жабдығының сапасыз құрылғы бөлшегін шығаруы 0,3, екіншісінікі 0,2, үшіншісінікі 0,4 болса, алынған кез келген бір құрылғы бөлшегінің сапасыз болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,309
- B) 0,347
- C) 0,210
- D) 0,503
- E) 0,013

34. Саяхатшы билет алу үшін үш кассаның біреуіне бару керек еді. Кассалардың әртүрлі қашықтықта орналасуына байланысты бұл кассаларға баруының сәйкес ықтималдықтары 0,5; 0,3; 0,2. Ал саяхатшы келгенде кассаларда билеттің бар болуының ықтималдығы сәйкес кассалар үшін 0,6; 0,5; 0,4. Саяхатшы билетті кассалардың

бірінен алды. Билетті бірінші кассадан алу ықтималдығын табу керек.

- A) 0,566
- B) 0,614
- C) 0,144
- D) 0,544
- E) 0,853

35. Құрылыс дүкеніне үш партия трансформаторлар әкелінді. Алынған кез келген трансформатордың осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,1; 0,2; 0,7 тең. Ал әрбір партиялардағы трансформаторлардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,9; 0,8; 0,6. Осы партиялардың бірінен алынған трансформатордың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,76
- B) 0,84
- C) 0,52
- D) 0,67
- E) 0,74

36. Саңырауқұлақ теруші орманда адасып жүріп алаңға шықты. Алаңнан 2 жол шығады екен. Осы жолдармен жүргенде орманнан шығудың сәйкес жолдар үшін ықтималдықтары 0,6; 0,4. Егер Саңырауқұлақ терушінің орманнан шыққаны белгілі болса, онда оның бірінші жолмен шыққандығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,3
- B) 0,6
- C) 0,5
- D) 0,8
- E) 1

37. Алынған 350 өлшеу құрылғыларының 120 - бірінші сортқа, 150 - екінші сортқа, 80 - үшінші сортқа жатады. Бірінші сортқа жататын өлшеу құрылғыларының ішінде сапасыз механизм болуының ықтималдығы 0,2, ал екінші сортқа жататындардың арасында 0,3, үшінші сортқа жататындардың арасында 0,4 тең. Кез келген бір өлшеу құрылғысы алынды. Алынған өлшеу құрылғысының сапасыз екендігінің ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,18
- B) 0,29
- C) 0,53
- D) 0,96
- E) 0,64

38. Мотоцикл көлігінің 2 шамының біреуі жанып кеткен. Шамдардың жанып кетуінің сәйкес ықтималдықтары 0,3; 0,1. Жанып кеткен екінші шам екендігінің ықтималдығын табу керек?

- A) 0,25
- B) 0,72
- C) 0,57
- D) 0,75
- E) 1

39. Спортшылардың бір тобында 40 велокросс, 50 мотобол ойыншылары бар. Квалификациялық мөлшерді орындау ықтималдығы велокросс ойыншылары үшін 0,75 тең, ал мотобол ойыншылары үшін 0,9 тең. Осы топтан алынған кез келген бір спортшының квалификациялық мөлшерді орындауының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,83
- B) 0,95
- C) 0,67
- D) 0,79
- E) 0,35

40. Қоймаға үш партия бра шамдары әкелінді. Алынған кез келген бра шамының осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,2; 0,3; 0,5 тең. Ал әрбір партиялардағы бра шамдарының белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,7; 0,8; 0,9. Егер бра шамы белгілі мерзімде жұмыс істеген болса, онда 1-ші партиядан алыну ықтималдығы қандай?

- A) 0,169
- B) 0,837
- C) 0,512
- D) 0,675
- E) 0,747

41. Дүкенге үш партия жарық беретін ленталар әкелінді. Алынған кез келген лентаның осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,2; 0,5; 0,3 тең. Ал әрбір партиялардағы ленталардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,8; 0,7; 0,6. Осы партиялардың бірінен алынған лентаның белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,69
- B) 0,81
- C) 0,52
- D) 0,75
- E) 0,45

42. Зауыттағы бұйымдардың 70%-ті бірінші құрылғыда, ал 30%-ті екінші құрылғыда дайындалған. Бірінші құрылғының сапалы бұйымдар дайындауының ықтималдығы 0,98, ал екіншісінікі 0,95-ке тең. Алынған кез келген бір бұйым сапалы болып шықты. Осы бұйымның бірінші құрылғыда дайындалғандығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,806
- B) 0,606
- C) 0,706
- D) 0,506
- E) 0,406

43. Сауда үйіне үш партия сақтандырғыштар әкелінді. Алынған кез келген сақтандырғыштың осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,1; 0,7; 0,2 тең. Ал әрбір партиялардағы сақтандырғыштардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,4; 0,5; 0,8. Осы партиялардың бірінен алынған сақтандырғыштың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,76
- B) 0,55
- C) 0,52
- D) 0,67
- E) 0,74

44. Құрылыс алаңына үш партия ұзартқыш сымдар әкелінді. Алынған кез келген ұзартқыш сымның осы партиялардың

әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,4; 0,1; 0,5 тең. Ал әрбір партиялардағы ұзартқыш сымдардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,7; 0,8; 0,6. Егер ұзартқыш сым белгілі мерзімде жұмыс істеген болса, онда 3-ші партиядан алыну ықтималдығы қандай?

- A) 0,16
- B) 0,45
- C) 0,51
- D) 0,67
- E) 0,74

45. Фабриканың 250 өнімінің 60 - бірінші сортқа, 10 - екінші сортқа, 180 - үшінші сортқа жатады. Бірінші сортқа жататын өнімнің ішінде сапасыз өнім болуының ықтималдығы 0,04, ал екінші сортқа жататындардың арасында - 0,01, үшінші сортқа жататындардың арасында - 0,02 тең. Кез келген бір өнім алынды. Алынған өнімнің сапасыз екендігінің ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,584
- B) 0,024
- C) 0,333
- D) 0,962
- E) 0,646

46. Екі тир ойыншысы бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші тир ойыншысының нысанаға тигізу ықтималдығы 0,6, ал екіншісінікі 0,8 болса, онда нысанаға тиген оқ бірінші ойыншыныкі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) $\frac{1}{3}$
- B) $\frac{3}{7}$
- C) $\frac{4}{3}$
- D) $\frac{1}{2}$
- E) 1

47. Қоймаға үш партия автоматтар әкелінді. Алынған кез келген автоматтың осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,5; 0,2; 0,3 тең. Ал әрбір партиялардағы автоматтардың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары сәйкесінше 0,9; 0,7; 0,8. Осы партиялардың бірінен алынған автоматтың белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,76
- B) 0,33
- C) 0,83
- D) 0,67
- E) 0,44

48. Екі мерген бір-бірінен тәуелсіз бір нысанаға бір-бірден оқ атты. Сонда бір оқ нысанаға тиді. Егер бірінші мергеннің нысанаға тигізу ықтималдығы 0,6, ал екіншісінікі 0,7 болса, онда нысанаға тиген оқ бірінші мергендікі екендігінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0,11
- B) 0,32
- C) 0,96
- D) 0,22
- E) 0,46

49. Спортшылардың бір тобында 30 сноуборд, 20 джиббинг ойыншылары бар. Квалификациялық мөлшерді орындау ықтималдығы сноуборд ойыншылары үшін 0,15 тең, ал джиббинг ойыншылары үшін 0,3 тең. Осы топтан алынған кез келген бір спортшының квалификациялық мөлшерді орындауының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,88
- B) 0,91
- C) 0,68
- D) 0,21
- E) 0,35

50. Қоймаға үш партия стартерлер әкелінді. Алынған кез келген стартердің осы партиялардың әрқайсысынан алынуының сәйкес ықтималдықтары 0,25; 0,5; 0,25 тең. Ал әрбір партиялардағы стартерлердің белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдықтары

сәйкесінше 0,7; 0,6; 0,8. Осы партиялардың бірінен алынған стартердің белгілі мерзімде жұмыс істеу ықтималдығы қандай?

- A) 0,675
- B) 0,765
- C) 0,810
- D) 0,521
- E) 0,745

25 БЕРНУЛЛИ, ПУАССОН ФОРМУЛАЛАРЫ, ЛАПЛАС ТЕОРЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕҢ ЫҚТИМАЛ САН

Бұл тараудағы есептер «Математика 2» пәнінің «Бернулли, Пуассон формулалары, Лаплас теоремалары және ең ықтимал сан» тақырыбына арналған. Берілген бес жауап нұсқасынан тек бір дұрыс жауапты таңдауға арналған есептер берілген.

25.1 Тест тапсырмаларын шығару үлгілері

Мысал 25.1: Нысананы тәуелсіз 6 рет оқ атылды. Әрқайсысында оқтың нысанаға тию ықтималдығы $p = 0,9$. Атылған тәуелсіз 6 оқтың тура төртеуінің нысанаға тию ықтималдығын табыңыз.

Шешімі:

- а) n тәуелсіз сынақта A оқиғасының тура k рет пайда болу ықтималдығы

$$P_n(k) = P_{k,n} = C_n^k \cdot p^k q^{n-k} \quad (25.1)$$

Бернулли формуласымен есептеледі, мұндағы $q = 1 - p$ (n неғұрлым аз болса).

- б) оқтың нысанаға тию ықтималдығы $p = 0,9$, бұдан $q = 0,1$.

Сынақтар саны $n=6$, ал $k=4$. Демек

$$P_6(4) = \frac{6!}{4! \cdot 2!} (0,9)^4 \cdot (0,1)^2 = 0,984.$$

- с) Жауабы: $P(A) \approx 0,984$.

Мысал 25.2: Әрбір 21 тәуелсіз сынақта оқиға тұрақты 0,2 ықтималдықпен пайда болады. Ең ықтимал санды табу керек.

Шешімі:

- а) p ықтималдығы ең үлкен мән қабылдайтын $k = k_0$ мәнін *ең ықтимал сан* деп атаймыз:

$$np - q \leq k_0 \leq np + p. \quad (25.2)$$

- б) $n=21$ тәуелсіз сынақта A оқиғасының ықтималдығы $p=0,2$, мұндағы $q = 1 - p = 1 - 0,2 = 0,8$ ең үлкен мән қабылдайтын $k = k_0$ мәнін *ең ықтимал сан* деп атаймыз:

$$np - q \leq k_0 \leq np + p \Rightarrow 21 \cdot 0,2 - 0,8 \leq k_0 \leq 21 \cdot 0,2 + 0,2 \Rightarrow 3,4 \leq k_0 \leq 4,4$$

Жауабы: $k_0 = 3$.

Мысал 25.3: Егер A оқиғасының әр сынақта орындалу ықтималдығы $p = 0,2$ –ге тең болса, онда 200 тәуелсіз сынақтарда A оқиғасының

- 40 рет орындалу ықтималдығын;
- 60 реттен 80 ретке дейін орындалу ықтималдықтарын табу керек.

Шешімі:

- Лаплас теоремалары.* n - өте үлкен сан және $p > 0,1$ болған жағдайда, Лапласстың локалдық немесе интегралдық теоремасын қолданамыз.

Лапласстың локалдық теоремасы. Тәуелсіз n сынақ жүргізілгенде A оқиғасының тура k рет пайда болу ықтималдығы келесі формуламен жуықтап есептеледі:

$$P_n(k) \approx \frac{1}{\sqrt{npq}} \cdot \frac{1}{\sqrt{2\pi}} \cdot e^{-\frac{x^2}{2}} = \frac{1}{\sqrt{npq}} \cdot \varphi(x) \quad (25.3)$$

мұндағы $x = \frac{k - np}{\sqrt{npq}}$, $0 < p < 1$.

$\varphi(x) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}} \cdot e^{-\frac{x^2}{2}}$ функциясының мәнін кестеден табамыз және $\varphi(-x) = \varphi(x)$.

Лапласстың интегралдық теоремасы. Тәуелсіз n сынақ жүргізу нәтижесінде A оқиғасының k_1 -ден кем емес және k_2 -ден артық емес рет пайда болуының ықтималдығы келесі формуламен жуықтап есептеледі:

$$P_n(k_1, k_2) \approx \Phi(x_2) - \Phi(x_1) \quad (25.4)$$

Бұл формуладағы

$$\Phi(x) \approx \frac{1}{\sqrt{2\pi}} \int_0^x e^{-\frac{z^2}{2}} dz, \quad (25.5)$$

Лаплас функциясы, мұндағы $x_1 = \frac{k_1 - np}{\sqrt{npq}}$, $x_2 = \frac{k_2 - np}{\sqrt{npq}}$ және

$\Phi(-x) = -\Phi(x)$.

b) а) есеп шарты бойынша: $n = 200; k = 40; p = 0,2; q = 0,8$

Муавр Лапласстың локалдык формуласын қолдансақ:

$$P_{200}(40) \approx \frac{1}{\sqrt{200 \cdot 0,2 \cdot 0,8}} \cdot \varphi(x) \approx \frac{1}{\sqrt{32}} \cdot \varphi(x)$$

$$\text{бұдан } x = \frac{40 - 200 \cdot 0,2}{\sqrt{200 \cdot 0,2 \cdot 0,8}} = 0$$

Кестеден $\varphi(0) = 0,3989$, осыдан ізделінді ықтималдық:

$$P_{200}(40) \approx \frac{1}{\sqrt{200 \cdot 0,2 \cdot 0,8}} \cdot \varphi(x) \approx \frac{1}{\sqrt{32}} \cdot \varphi(x) \approx \frac{1}{\sqrt{32}} \cdot 0,3989 \approx 0,07$$

б) 60 реттен 80 ретке дейін орындалу ықтималдығын табайық, есеп шарты бойынша:

$$n = 200; k_1 = 60; k_2 = 80; p = 0,2; q = 0,8$$

Муавр Лапласстың интегралдык формуласын қолданаық:

$$P_{200}(60,80) = \Phi(x_2) - \Phi(x_1)$$

Интегралдың жоғарғы және төменгі шектерін есептейік:

$$x_1 = \frac{60 - 200 \cdot 0,2}{\sqrt{200 \cdot 0,2 \cdot 0,8}} \approx 3,54, \quad x_2 = \frac{80 - 200 \cdot 0,2}{\sqrt{200 \cdot 0,2 \cdot 0,8}} \approx 7,07.$$

Сонымен: $P_{200}(60,80) \approx \Phi(7,07) - \Phi(3,54)$, кестеден

$$\Phi(7,07) \approx 0,5; \quad \Phi(3,54) \approx 0,4996.$$

Бұдан ізделінді ықтималдық:

$$P_{200}(60,80) = \Phi(x_2) - \Phi(x_1) \approx 0,5 - 0,4996 \approx 0,0004.$$

с) Жауабы: $P_{200}(40) \approx 0,07, P_{200}(60,80) \approx 0,0004.$

Мысал 25.4: Телефон станциясында әрбір қоңырау шалу кезінде ақау болу ықтималдығы 0,002. Барлығы 1000 қоңырау шалынған болса, оның ішінде 9 ақау болу ықтималдығын табыңыз.

Шешімі:

а) Егер n өте үлкен сан, ал p өте аз шама ($npq < 9$ болатындай) және $\lambda = np$ шамасы тұрақты болған жағдайда Пуассон формуласы қолданылады.

Пуассон теоремасы. Егер $n \rightarrow \infty, p \rightarrow 0$ болып және $\lambda = np \neq 0$ шамасы тұрақты болса, онда

$$\lim_{n \rightarrow \infty} P_n(k) = \frac{\lambda^k}{k!} e^{-\lambda}. \quad (25.6)$$

- b) Есептің шарты бойынша: $n=1000$, $k=9$, $p=0,002$.
Пуассон формуласы бойынша есептесек:

$$P_{1000}(9) = \frac{(1000 \cdot 0,002)^9}{9!} e^{-2} \approx 0,00019.$$

- c) Жауабы: $P_{1000}(9) \approx 0,00019$.

25.2 Тест тапсырмалары

1. Автоматты станокта стандартты деталь дайындау ықтималдығы 0,6-ға тең. Алынған 5 детальдің үшеуі стандартты деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,579
- B) 0,3456
- C) 0,4147
- D) 0,1888
- E) 1

2. Әрбір 16 тәуелсіз сынақта оқиға тұрақты 0,7 ықтималдықпен пайда болады. Ең ықтимал санды табу керек.

- A) 10
- B) 13
- C) 11
- D) 14
- E) 12

3. Әрбір атыста нысанаға тигізу ықтималдығы 0,9-ге тең. 600 рет атқанда нысанаға 530 рет тигізудің ықтималдығы қандай?

- A) 0,091
- B) 0,087
- C) 0,021
- D) 0,042
- E) 0,065

4. Әр сынақта оқиғаның орындалу ықтималдығы 0,25-ке тең. Жасалған 243 сынақ кезінде оқиғаның 70 рет орындалу ықтималдығын табыңыз:

- A) 0,0412
- B) 0,0231
- C) 0,0518
- D) 0,0857
- E) 0,0055

5. Әр сынақта А оқиғасының орындалу ықтималдығы 0,6-ға тең болса, онда 2400 сынақ кезінде 1400 рет А оқиғасы болу ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,0041
- B) 0,0149
- C) 0,0019
- D) 0,0086
- E) 0,005

6. Дүкенге 50 деталь келіп түсті. Егер стандартсыз детальдың болу ықтималдығы 0,05-ке тең болса, онда осы партияда стандартсыз деталь болуының ең ықтимал санын табыңыз:

- A) 5
- B) 4
- C) 3
- D) 2
- E) 1

7. Сапалы деталь жасаудың ықтималдығы 0,7-ге тең. Жасалған 5 детальдың ішінде үшеуі сапалы деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,4015
- B) 0,1847
- C) 0,3087
- D) 0,5175
- E) 0,0057

8. Зауыт дайындайтын бұйымдардың 60%-тін бірінші сортпен шығарады. Қабылдаушы 200 дайын бұйымды қабылдап алды. Осы 200 бұйымның ішінде 120-дан 150-ге дейін бірінші сортты бұйымдар болатындығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,665

- B) 0,534
- C) 0,499
- D) 0,187
- E) 0,678

9. Тәуелсіз сынақтарда оқиғаның пайда болу ықтималдығы 0,5-ке тең. 196 сынақта оқиғаның 100 рет пайда болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,054
- B) 0,612
- C) 0,081
- D) 0,075
- E) 0,554

10. Дүкенге жіберілген 4000 сапалы бұйымның жол бойында зақым алу-бұзылу ықтималдығы 0,0005-ке тең. Ендеше дүкенге 3 бұзылған бұйым келу ықтималдығы неге тең?

- A) 0,8014
- B) 0,1804
- C) 0,4065
- D) 0,5123
- E) 0,6956

11. Сапалы деталь жасаудың ықтималдығы 0,4-ге тең. Жасалған 5 детальдың ішінде төртеуі сапалы деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,4015
- B) 0,1847
- C) 0,0768
- D) 0,5175
- E) 0,0057

12. Нысана бір рет оқ атқанда тигізу ықтималдығы 0,2-ке тең. Тәуелсіз 22 рет оқ атқанда нысанаға оқ тигізудің ең ықтимал санын табыңыз.

- A) 4
- B) 1
- C) 3

- D) 2
- E) 5

13. Егер әрбір ағаштың өсіп шығуының ықтималдығы 0,2-ге тең екендігі белгілі болса, онда отырғызылған 400 ағаштан 104 ағаштың өсіп шығуының ықтималдығы қандай болады?

- A) 0,0006
- B) 0,0087
- C) 0,0075
- D) 0,0086
- E) 0,0154

14. 100 сынақта мергеннің нысанаға тию ықтималдығы 0,8-ге тең. Нысанаға 75-тен кем емес және 90-нан артық емес рет дәл тиюінің ықтималдығын табу керек.

- A) 0,7252
- B) 0,2351
- C) 0,9189
- D) 0,8882
- E) 0,5102

15. Оқиғаның орындалу ықтималдығы әрбір тәуелсіз 100 сынақта тұрақты және 0,8-ге тең. Оқиғаның 75 рет орындалуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,0917
- B) 0,0457
- C) 0,0215
- D) 0,0426
- E) 0,0659

16. Нысана бір рет оқ атқанда тигізу ықтималдығы 0,85-ке тең. Тәуелсіз 25 рет оқ атқанда нысанаға оқ тигізудің ең ықтимал санын табыңыз.

- A) 20
- B) 11
- C) 30
- D) 22
- E) 12

17. Тәуелсіз сынақтарда оқиганың пайда болу ықтималдығы 0,2-ге тең. 6 сынақта оқиганың 2 рет пайда болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,246
- B) 0,615
- C) 0,387
- D) 0,871
- E) 1

18. Оқиганың орындалу ықтималдығы әрбір тәуелсіз 100 сынақта тұрақты және 0,8-ге тең. Оқиганың 90 рет орындалуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,0917
- B) 0,0457
- C) 0,0044
- D) 0,0426
- E) 0,0659

19. Зауытқа сапалы заттардың әкеліну ықтималдығы 0,9-ге тең. 600 заттың ішінде 530-ы сапалы болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,091
- B) 0,087
- C) 0,021
- D) 0,042
- E) 0,065

20. Кітапханадағы оқулықтардың ішінде «Математика» оқулығының кездесу ықтималдығы 0,25-ке тең. Алынған 243 оқулықтың 70-і «Математика» оқулығы болуының ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,0412
- B) 0,0231
- C) 0,0518
- D) 0,0857
- E) 0,0055

21. Лотереяда бір билетке ұтыс шығуының ықтималдығы 0,3-ке тең болса, алынған 10 билеттің ішінде ұтыс шығуының ең ықтимал саны қандай?

- A) 4
- B) 3
- C) 5
- D) 6
- E) 1

22. Теңгені 5 рет лақтырғанда елтаңбаның 2 рет пайда болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,3125
- B) 0,7147
- C) 0,5256
- D) 0,2631
- E) 0,4358

23. Дүкенге келіп түскен 4000 тауарлардың сапалық көрсеткіші өте жоғары болса, ал жолда зақым келу ықтималдығы 0,001-ке тең болса, онда дүкенге 3 сапасыз тауар келу ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,19
- B) 0,84
- C) 0,35
- D) 0,77
- E) 0,04

24. Егер әрбір сынақта оның орындалу ықтималдығы 0,6 болса, онда А оқиғасының 600 сынақта дәл 380 рет орындалу ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,0062
- B) 0,0082
- C) 0,0052
- D) 0,0017
- E) 0,0310

25. Оқу орнында жақсы оқитын студенттерді кездестіру ықтималдығы 0,6-ға тең болса, онда 2400 студенттің 1400 студенті жақсы оқитындығының ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,0041
- B) 0,0149
- C) 0,0019
- D) 0,0086
- E) 0,005

26. Тәуелсіз сынақтарда оқиғаның пайда болу ықтималдығы 0,6-ға тең. 6 сынақта оқиғаның 2 рет пайда болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,885
- B) 0,517
- C) 0,138
- D) 0,956
- E) 0,696

27. Тәуелсіз сынақтарда оқиғаның пайда болу ықтималдығы 0,6-ға тең. 10 тәуелсіз сынақта оқиғаның пайда болуының ең ықтимал саны қандай?

- A) 9
- B) 6
- C) 2
- D) 7
- E) 5

28. Зауыт дайындайтын бұйымдардың 60%-тін екінші сортпен шығарады. Қабылдаушы 200 дайын бұйымды қабылдап алды. Осы 200 бұйымның ішінде 120-дан 150-ге дейін екінші сортты бұйымдар болатындығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,665
- B) 0,534
- C) 0,499
- D) 0,187
- E) 0,678

29. Тест сұрақтарынан емтиханда жеңіл сұрақтардың келу ықтималдығы 0,5-ке тең. 196 сұрақтың 100 сұрағының жеңіл болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,054

- B) 0,612
- C) 0,081
- D) 0,075
- E) 0,554

30. Зауыт даярлаған 4000 сапалы бұйымның жол бойында бұзылу ықтималдығы 0,0005-ке тең. Дүкенге 3 бұзылған бұйым келу ықтималдығы неге тең?

- A) 0,8014
- B) 0,1804
- C) 0,4065
- D) 0,5123
- E) 0,6956

31. Егер әрбір ағаштың өсіп шығуының ықтималдығы 0,8-ге тең екендігі белгілі болса, онда отырғызылған 4 ағаштан 1 ағаштың өсіп шығуының ықтималдығы қандай болады?

- A) 0,0256
- B) 0,8112
- C) 0,7212
- D) 0
- E) 1

32. Белгілі бір оқиға 25 тәуелсіз сынақта 0,7 ықтималдықпен пайда болады. Оқиғаның пайда болуының ең ықтимал санын табу керек.

- A) 11
- B) 18
- C) 19
- D) 21
- E) 16

33. Әрбір дәннің өсіп шығуының ықтималдығы 0,2-ге тең. Егілген 400 дәннің 104 дәнінің өсіп шығуының ықтималдығы қандай болады?

- A) 0,0006
- B) 0,0087
- C) 0,0075
- D) 0,0086

E) 0,0154

34. 100 тәуелсіз сынақтарда оқиғаның пайда болу ықтималдығы 0,8-ке тең. Оқиғаның 75-тен кем емес және 90-нан артық емес орындалу ықтималдығын табыңыз.

A) 0,7252

B) 0,2351

C) 0,9189

D) 0,8882

E) 0,5102

35. Әрбір атыста нысанаға тигізу ықтималдығы 0,8-ге тең. 500 рет атқанда нысанаға 420 рет тигізудің ықтималдығы қандай?

A) 0,0036

B) 0,0873

C) 0,0214

D) 0,0426

E) 0,0658

36. Фабрика жасап шығарған бұйымдардың 25 %-і сапасыз болатындығы белгілі еді. Тексеруге кез келген 8 бұйым алынды. Осы сегіз бұйымның алтауының сапасыз болуының ықтималдығы қандай?

A) 0,0248

B) 0,0346

C) 0,0038

D) 0,0812

E) 0,5

37. Әрбір 10 тәуелсіз сынақта оқиға тұрақты 0,4 ықтималдықпен пайда болады. Ең ықтимал санды табу керек.

A) 5

B) 4

C) 3

D) 1

E) 2

38. Әр сынақта оқиғаның орындалу ықтималдығы 0,5-ке тең. Жасалған 240 сынақ кезінде оқиғаның 140 рет орындалу ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,4412
- B) 0,0018
- C) 0,5518
- D) 0,8857
- E) 0,1155

39. Әр сынақта А оқиғасының орындалу ықтималдығы 0,6-ға тең болса, онда 2500 сынақ кезінде 1500 рет А оқиғасы болу ықтималдығын табыңыз.

- A) 0,004
- B) 0,049
- C) 0,016
- D) 0,008
- E) 0,005

40. Зауыт дайындайтын бұйымдардың 50%-тін бірінші сортпен шығарады. Қабылдаушы 200 дайын бұйымды қабылдап алды. Осы 200 бұйымның ішінде 120-дан 110-ге дейін бірінші сортты бұйымдар болатындығының ықтималдығы қандай?

- A) 0,665
- B) 0,534
- C) 0,499
- D) 0,002
- E) 0,678

41. Автоматты станокта стандартты деталь дайындау ықтималдығы 0,2-ға тең. Алынған 5 детальдің екеуі стандартты деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,5791
- B) 0,2048
- C) 0,4145
- D) 0,1829
- E) 1

42. Дүкенге 20 деталь келіп түсті. Егер стандартсыз детальдың болу ықтималдығы 0,5-ке тең болса, онда осы партияда стандартсыз деталь болуының ең ықтимал санын табыңыз.

- A) 56
- B) 45
- C) 34
- D) 10
- E) 11

43. Тәуелсіз сынақтарда оқиғаның пайда болу ықтималдығы 0,6-ке тең. 195 сынақта оқиғаның 100 рет пайда болуының ықтималдығы қандай?

- A) 0,0541
- B) 0,6126
- C) 0,0815
- D) 0,0759
- E) 0,0027

44. Сапалы деталь жасаудың ықтималдығы 0,3-ге тең. Жасалған 5 детальдың ішінде 4 сапалы деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,4018
- B) 0,1847
- C) 0,0284
- D) 0,5173
- E) 0,0056

45. Дүкенге 30 деталь келіп түсті. Егер стандартсыз детальдың болу ықтималдығы 0,7-ке тең болса, онда осы партияда стандартсыз деталь болуының ең ықтимал санын табыңыз.

- A) 58
- B) 15
- C) 21
- D) 10
- E) 16

46. Автоматты станокта стандартты деталь дайындау ықтималдығы 0,3-ға тең. Алынған 4 детальдің екеуі стандартты деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,2646
- B) 0,3456
- C) 0,4147
- D) 0,1888
- E) 1

47. Әрбір 10 тәуелсіз сынақта оқиға тұрақты 0,4 ықтималдықпен пайда болады. Ең ықтимал санды табу керек.

- A) 3
- B) 4
- C) 1
- D) 5
- E) 9

48. Дүкенге 30 деталь келіп түсті. Егер стандартсыз детальдың болу ықтималдығы 0,2 - ге тең болса, онда осы партияда стандартсыз деталь болуының ең ықтимал санын табыңыз.

- A) 5
- B) 4
- C) 6
- D) 2
- E) 1

49. Сапалы деталь жасаудың ықтималдығы 0,5-ге тең. Жасалған 3 детальдың ішінде біреуі сапалы деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,401
- B) 0,184
- C) 0,087
- D) 0,375
- E) 0,005

50. Сапалы деталь жасаудың ықтималдығы 0,1-ге тең. Жасалған 4 детальдың ішінде үшеуі сапалы деталь болуының ықтималдығын табу керек.

- A) 0,4015
- B) 0,1847
- C) 0,0768
- D) 0,5175
- E) 0,0036

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақжігітов Е.Ә. Математика 2: есептер жинағы / Е.Ә.Ақжігітов, М.Ш. Тілепиев. –Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, 2015. –208 б.
- 2 Айдос Е.Ж. Жоғары математика: оқулық / Е.Ж. Айдос – Алматы: «Бастау», 2012. – 425 б.
- 3 Байарыстанов А.О. Жоғары математика теориясы және жаттығулар жинағы / А.О. Байарыстанов.– Алматы: «Нұр-Принт» ЖШС, 2018. – 371 б.
- 4 Дүйсек А.К. Жоғары математика: оқулық / А.К. Дүйсек, С.К. Қасымбеков. – Алматы: КБП, 2015. –409 б.
- 5 Саханов Н. Жоғары математика: оқулық / Н. Саханов, Б. Жаңбырбаев. – Алматы: Қайнар, 2016. –184 б.
- 6 Пискунов Н.С. Дифференциалдық және интегралдық есептеулер: оқулық / Н.С. Пискунов. –М.: Наука, 2015. – 266 б.
- 7 Минорский В.П. Сборник задач по высшей математике / В.П. Минорский. –М.: Наука, 2014. –315 б.
- 8 Такабаев К.К. СЫЗЫҚТЫҚ алгебра элементтері: оқу құралы / К.К. Такабаев, З.А. Ракишева, Б.А. Ильясова. –Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, 2015. –206 б.
- 9 Тілепиев М.Ш. Математика 1: есептеу-графикалық жұмыстары / М.Ш. Тілепиев. –Астана: С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, 2016. –124 б.
- 10 Махмеджанов М.Н. Жоғары математика: оқулық / М.Н. Махмеджанов. –Алматы: Бастау, 2017.–397 б.
- 11 Әубәкір С.Б. Жоғары математика: оқулық / С.Б. Әубәкір. – Алматы: Қайнар, 2012. –320 б.
- 12 Бейсебай П.Б., Ақжігітов Е.Ә. Математика 1: оқулық / П.Б. Бейсебай. –Астана: С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ, 2023. –392 б.
- 13 Бейсебай П.Б. Жоғары математика*: оқулық / П.Б. Бейсебай. –Астана: С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ, 2023. –296 б.
- 14 Бейсебай П.Б. Математика 1 пәнінен тест тапсырмаларын орындау үлгілері, әдістері және жинағы: оқу құралы / П.Б. Бейсебай - Алматы, Alash Book, 2024. – 456 б.

Бейсебай Перизат Бейсебайқызы

**МАТЕМАТИКА 2 ПӘНІНЕН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ
ҮЛГІЛЕРІ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЖИНАҒЫ**

Оқу құралы

Бас редактор: Камбарова К.М.
Шығарушы редактор: Укенова Л.Н.
Дизайн, беттеу: Сламова А.Б.

ЖШС «Alash Book» баспасы»
Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 96/98
Тел.: +7 777 880 08 05, +7 778 977 08 08
e-mail: info@alashbook.kz

Дайын түпнұсқаның сапасына толық сәйкестікте
басылуға 28.01.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 31 б.т.
Таралымы 500 дана